

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 18 (985) 26 сәуір 2024 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

ТАРИХ БЕТТЕРІ СЫР ШЕРТЕДІ

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі жақындап келеді. Бұл еліміздегі ең жарқын және мерейлі мейрамдардың бірі. Қазақстан аумағында тұрып жатқан 150-ден астам ұлт пен ұлыс өкілдерінің киелі қара шаңырақта тату-тәтті өмір сүруі үшін береке мен ынтымақ, бірлік пен бейбітшілік аса қажет. Сондықтан бұл мейрамның маңызы зор.

Көктемнің соңғы айының бірінші күнін тойлау дәстүріне қандай тарихи оқиғалар себеп болды? Мерекенің кешегі өткен тарихына көз жүгіртсек, 1 мамыр мейрамын алғаш ойлап тапқан большевиктер, Чикагода ереуілге шыққан жұмысшылар емес екен. Мереке тарихының тамыры тереңде жатыр. Үш мың жыл бұрын ежелгі Италия тұрғындары жердің қамқоршысы әйел құдай Майяға табынған. Соның құрметіне көктемнің соңғы айын «май» деп атап, осы айдың бірінші күнінде серуендер өткізіп, тойлар жасады. 1 мамыр мерекесінің тарихы Еңбекшілердің ынтымақтастығы күні ретінде 1889 жылдың шілдесінен атап өтіле басталды. 1886 жылдың 1 мамырында АҚШ-тың жұмысшылары 15-сағаттық жұмыс күніне қарсы ереуіл ұйымдастырып, зауыт басшыларынан жұмыс күнін 8 сағат деп белгілеуді талап еткен. Наразылық білдіру әрекеттері 4 күнге созылды. Нәтижесінде, ереуілге қатысқан жүздеген адамдар тұтқындалып, алты жұмысшы мерт болды, 50 — жарақат алды. Жұмысшылар үшін тіпті мұның өзі кедергі болмады. 1889 жылдың маусымында Париждегі 2 Интернационалдың 1 Конгресі 1 мамырды - 8 сағаттық жұмыс күні үшін Халықаралық күрес күні немесе Еңбекшілердің халықаралық ынтымақтастық күні деп атау туралы шешім шығарды. Ресей империясында бұл мейрам 1890 жылы жұмысшылардың ереуілге шығуы ретінде аталып өткен. Бір жылдан кейін Петербург қаласында бірінші «маевка» (еск.: төңкеріске дейінгі Ресейде — еңбекшілердің революциялық құпия жиналысы) ұйымдастырылды. 1897 жылдан бастап «маевкалар» саяси сипатқа ие болып, жаппай демонстрациялармен қатар өтті. 1917 жылдың 1 мамырында бұл мереке алғаш рет ашық тойланды. Елдің барлық қалаларындағы миллиондаған жұмысшылар Коммунистік партияның «Барлық билік кеңестерге берілсін!», «Министр-капиталисттердің көзі жойылсын!» деген плакаттарымен алаңға шықты. Кеңес Одағында Еңбекшілердің ынтымақтастық күні мемлекеттік мереке болып табылып, сән-салтанатпен атап өтілді. 1 және 2 мамыр күндері демалыс күндері болды. Қазіргі таңда Ресейде бұл мейрам өзінің бастапқы саяси мағынасынан айырылып, Көктем және еңбек күні болып саналады. 1 мамыр мерекесі 1990 жылы Еңбекшілердің ынтымақтастық күні ретінде тойланды. Тәуелсіз Қазақстанда мейрам 1996 жылдан бастап тойланады. Бұл күні Қазақстан Республикасында тұратын халықтарды бірлікке, ынтымаққа ұйытатын мерекелік шаралар өткізіледі. Қазақстан — көп ұлтты мемлекет. Елде 150-ден астам ұлт пен ұлыс өкілдері бір тудың астында тату-тәтті ғұмыр кешуде. Қазақстан халқының бірлігі күні қалай атап өтіледі? Ән айтылып, би биленеді. Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне қатысқан адам бұл мейрамның ауқымын біледі. Мерекеге әртүрлі мәдени орталықтар атсалысады. Олардың мақсаты — Қазақстан халқын өзге халықтардың дәстүрлерімен таныстыру. Мейрамға еңбек ұжымжары, ЖОО студенттері, әртүрлі қоғамдық бірлестіктердің өкілдері белсенді қатысады. Мерекенің ең бір жарқын көрінісі — этномәдени көрме. Орталық мәдениет және демалыс саябағының алдында (Астана қаласы) Қазақстанда тұратын барлық ұлт пен ұлыс өкілдерінің ұлттық баспаналары тұрғызылады. Шағын музейлерден белгілі бір ұлтқа тән киім үлгілерін, үй заттарын, әшекейлерді көріп, ұлттық тағамдарының дәмін тата аласыздар. Сонымен бірге, бұл күні Қазақстан музейлері мен кітапханалары Қазақстанда тұратын халықтарға арналған көрмелер ұйымдастырады. Мейрам Қазақстан халқын ел аумағында тұратын өзге ұлттардың мәдениеті және дәстүрлерімен таныстырып, ұлт тұтастығын нығайта түседі. 1 Мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні құтты болсын! Қош келдің, Ұлы достық мерекесі!

Тарих беттеріне шолу жасаған:
Жанаргүл МҰРАТҚЫЗЫ, тілші

ТҰҒЫРЫМЫЗ – ТЫНЫШТЫҚ, ТІРЕГІМІЗ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ, ТІЛЕГІМІЗ – ТАТУЛЫҚ!

ҚҰРМЕТТІ СОЛТҮСТІКҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР!

1 мамыр – Қазақстан халқы бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын. Бұл жарқын мереке біздің көпэтносты халқымыздың бейбітшілік пен келісімді бейнелейтін тамаша дәстүрлерін жалғастырып келеді!

Бірлік пен келісімнің арқасында біз тәуелсіз мемлекет құру жолында үлкен табыстарға қол жеткіздік, әлемде жоғары беделге ие болдық. Бүгінде біздің елімізді дүниежүзі елдері таниды.

Солтүстікқазақстандықтар өңірімізде тұрып жатқан барлық этностар өкілдерінің салт-дәстүрлерін, мәдениетін көздерінің қарашығындай сақтап, дамытуда. Бұл біздің ертеңгі күнге деген сенімімізді нығайта түседі. Күш-жігерімізді біріктіре отырып біз облысымыздың одан әрі дамуы үшін қолайлы жағдайлар қалыптастырамыз.

Үстіміздегі жылы Қазақстан халқының бірлігі күнін біз ерекше жағдайда атап өтеміз. Өңірімізде бұдан бұрын тарихымызда болмаған су тасқыны орын алды. Оның салдары мен зардаптары аз емес. Бұрын-соңды болмаған табиғат апаты біздің бәріміз үшін үлкен сынаққа айналды. Бірліктің, өзара қолдаудың және ынтымақтың арқасында біз апаттың салдарын лайықты түрде

еңсереміз. Қарғын сумен күреске құтқарушылар, полицейлер, еріктілер, кәсіпкерлер және қарапайым азаматтар қатысты.

Бұл қиын күндері біз жалғыз болған жоқпыз. Отанымыздың барлық өңірлерінен, көрші Ресейден, Қырғызстаннан көмек келді. Облыс орталығына барлық аудандардан гуманитарлық көмектер жеткізілді. Гуманитарлық көмек орталықтарында уақытпен санаспай белсенділер мен еріктілер жұмыс істеді. «Ауыр сынақтар сәтінде біздің халық өзін тағы да жақсы жағынан танытқаны, бірлік пен батыллықтың үлгісін көрсеткені қуантады. Шын жүрегімнен Қазақстан азаматтарына алғыс айтамын!» - деді Мемлекет басшысы.

Сіздер атқарған үлкен жұмыстар біз бірге болғанда кез келген проблемаларды шеше алатынымызды көрсете білді. Бірлескен күш-жігердің арқасында біздің алға қойған мақсаттарымызға қол жеткізе алатынымызға сенімдімін. Көктемнің осынау тамаша күні баршаңызға денсаулық, табыстар, игілік пен гүлдену тілеймін!

Облысымыз гүлдене берсін. Біздің күшіміз бірлікте!

Ғайез НҰРМҰХАМБЕТОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ!



ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНШАЛЫҚТАР!

Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтауымды қабыл алыңыздар! Бұл жарқын бірінші мамыр мерекесі біздің көпұлтты халқымыздың бейбітшілік пен келісімді бейнелейтін тамаша дәстүрлерін жалғастыруда!

Бірлік пен келісімнің арқасында біз әлемде жоғары бедел мен мойындауға ие болып, Тәуелсіз мемлекет құруда үлкен жетістіктерге қол жеткіздік.

Бүгінде облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына Солтүстік Қазақстан жерінде бейбітшілік пен келісімде өмір сүріп жатқан 100-ден астам ұлт өкілдері өз үлестерін қосуда. Бірлік пен келісім тәуелсіздікті нығайту жолындағы жаңа жетістіктердің кепілі болып табылады.

Бірлікті сақтау, дінаралық келісім мен бейбітшілікті нығайту ісіне өз үлесімізді қосу

– әрқайсымыздың парызымыз. Күш біріктіре отырып, біз облысымыздың, ауданымыздың одан әрі дамуына жағдай жасай аламыз.

Көктемнің осы тамаша күнінде сіздерге мерекелік көңіл-күй, денсаулық, табыс, амандық және біздің ортақ үйіміз – Қазақстан Республикасына гүлдену тілеймін! Алдымызда бізді әлі де көптеген жаңа табыстар мен жетістіктер күтеді. Біз бір жерде өзінің қатаандық жолын таңдаған біртұтас халық болып өмір сүрудеміз. Біз еңбексүйгіштік, парасаттылық сияқты қасиеттерімізбен қаруланғанда ғана еліміздің лайықты болашағын қорғай да, құра да аламыз.

Құрметті жерлестер! Барлық қазақстандықтардың достығын, туыскандығы мен бірлігін бейнелейтін Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі құтты болсын!

Берік ӘЛЖАНОВ, Тайынша ауданының әкімі.

АЛАЯҚТАР СУ ТАСҚЫНЫ ЖАҒДАЙЫН АЗАМАТТАРДЫ АЛДАУ ҮШІН ПАЙДАЛАНУДА

«Жеке сәйкестендіру нөміріңізді төлемдердің бар-жоғына тексеріңіз», «Сілтемеге басып, 3 млн теңгеге дейін өтемақы алыңыз», «Мемлекеттен тезірек жәрдемақы алыңыз» - әлеуметтік желілерде қаскүнемдер осындай сынды жалған ақпараттар орналастырып, Қазақстандықтардың дербес деректерін қолға түсіруге тырысып бағуда.

Алаяқтықтың бұл түрі жаңа емес, алайда соған қарамастан кейбір азаматтар алаяқтардың айла-шарғыларының құрбаны болып жатады. Fingramota.kz негізгі қауіпсіздік шараларын еске салады.

АЛАЯҚТАР СУ ТАСҚЫНЫ ЖАҒДАЙЫН АЗАМАТТАРДЫ АЛДАУ ҮШІН ПАЙДАЛАНУДА



Су тасқынынан зардап шеккендерге өтемақы төленіп жатыр ма?

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша су тасқынынан зардап шеккендер жергілікті атқарушы органдардан, яғни әкімдіктерден біржолғы төлем алатын болады. Төлемдер мөлшері әр өңірде келтірілген материалдық залалды есептеу үшін құрылған арнайы комиссиялардың шешімі бойынша жеке белгіленетін болады.

Ол үшін су тасқыны салдарынан айырылған мүліктің тізімдерін, залалды растайтын фото -, бейнематериалдарды, жылжымайтын мүлік объектісін идентификаттау құжаттарын және басқа да құжаттарды қоса бере отырып, әкімдіктерге өтінішпен жүгіну қажет. Өтемақы төлеу рәсімі жөнінде неғұрлым толық ақпаратты тек жергілікті атқарушы органдардан алуға болады.

Қазақстанның барлық азаматтарына банктерден және Еңбек министрлігінен «өтемақы» төленеді

Жалған хабарландыруларды барынша шынайы етіп көрсету үшін қылмыскерлер қазақстандық банктер мен мемлекеттік органдардың атауларын пайдаланады. Мысалы, соңғы аптада Facebook, Instagram, Telegram әлеуметтік желілерінде ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің Халық банкпен бірлесіп өтемақы төлейтіні, сондай-ақ Қаржы министрлігінің жаңа қаулысы шыққаны жөнінде хабарламалар жариялануда. Вижуалда ұйымдардың логотиптері мен брендбук элементтері, сондай-



"Halyk Bank совместно с Минтруда и социальной защиты объявляет о выплате компенсации"

Получить компенсацию до 3 000 000 тенге можно не позднее 8 апреля 2024 года. Сумма начисляется за последние 36 месяцев.

Проверить свою компенсацию

Новости Казахстана 2024

Министерство Финансов Республики Ввел Новое Постановление о Выплатах



КРЕДИТ БЕРУ КЕЗІНДЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАРЫНША АЗАЙТУ

Мемлекет басшысының халықтың шамадан тыс кредит алуын азайту бойынша жүйелі шаралар қабылдау жөніндегі тапсырмасын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) Парламент депутаттарымен бірлесіп «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту және қарыз алушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын (бұдан әрі – Заң жобасы) әзірледі.

КРЕДИТ БЕРУ КЕЗІНДЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАРЫНША АЗАЙТУ ЖӘНЕ ҚАРЫЗ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ЗАҢ ЖОБАСЫ ТУРАЛЫ



Барлық кредиттер бойынша жиынтық берешекті шектеу үшін жаңа макропруденциялық норматив, яғни кредиттер бойынша жиынтық берешектің қарыз алушының кірісіне қатынасы енгізіледі. Нормативтің мәні және оны есептеу тәртібі Агенттіктің актісімен айқындалатын болады.

Бұдан басқа, банктер мен МҚҰ-ның барлық кредиттері үшін мөлшері Ұлттық Банк пен Агенттіктің актілерінде айқындалатын ЖТСМ-нің шекті мәнін сақтау жөніндегі талаптарды белгілеу жолымен банктердің және МҚҰ-ның кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін азайту бойынша бірыңғай тәсіл енгізіледі. Азаматтардың шамадан тыс кредит алуы онлайн-микрокредит беру секторында байқалатынын ескере отырып, 50 АЕК –ке дейінгі сомаға, 45 күнге дейінгі мерзімге берілетін микрокредиттің ерекше түрінде күшін жою, сондай-ақ барлық микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін белгілеу ұсынылады.

2. Кредиттер бойынша мерзімі өткен берешекті сотқа дейінгі реттеу шеңберінде азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейту үшін қарыз алушыны төлем мерзімінің өтіп кетуі туралы хабардар ету мерзімі күнтізбелік 20 күннен 10 күнге дейін, оның ішінде ақпараттандыру объектілері (банктер мен МҚҰ-ның мобильдік қосымшалары) арқылы қысқартылады. Сондай-ақ банк омбудсманының азаматтардың барлық кредиттері бойынша дауларды қарау жөніндегі өкілеттіктерін кеңейту және микроқаржы омбудсманын құру көзделген. Омбудсмаңдардың шешімдері банктер, МҚҰ және коллекторлық ұйымдар үшін міндетті болады. Мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтарды қолдау үшін банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша сыйақы есептемей төлем мерзімін автоматты түрде кейінге қалдыру көзделеді.

3. Атқарушылық іс жүргізу шеңберінде азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейту үшін кәметтік жасқа толмаған балалары бар отбасыларды және мүгедектігі бар адамдарды жылыту маусымында жалғыз баспанасынан шығаруға тыйым салу, сондай-ақ қарыз алушының банктік шотында сақталатын ақша сомасын ең төменгі күнкөріс деңгейінің 1-ден 2 еселенген мөлшеріне дейін (87 мың теңге) ұлғайту енгізіледі. Бұдан басқа, банктерге ХӨОТ-қа жататын бұрынғы меншік иелеріне балансқа өткен тұрғын үйді жалға беру құқығы беріледі.

4. Азаматтардың құқықтарын кредиторлардың жосықсыз әрекеттерінен қорғау үшін берешекті өндіріп алу кезінде банктер, МҚҰ, коллекторлық агенттіктер мен қарыз алушылар арасындағы дауларды төрелік соттарда қарауға тыйым салу, сондай-ақ МҚҰ мен коллекторлық агенттіктердің нотариустармен және жеке сот орындаушыларымен үлестес болуына тыйым салу енгізіледі.

5. Азаматтардың банкроттық рәсіміне қол жеткізуін жеңілдету үшін заң жобасында борышкердің мерзімі өткен берешекті реттеуді, сондай-ақ реттеу және өндіріп алу рәсімін өткізу мерзімін 18 айдан 12 айға дейін қысқартуды растайтын құжатты беруі жөніндегі талап алып тасталады. Сондай-ақ, азаматтардың олардың алдындағы міндеттемелері соттан тыс банкроттық рәсімінде қамтылатын кредиторлардың тізбесі (тарату сатысындағы қаржы ұйымдары, сондай-ақ азаматтарға құқықтары (талаптары) бар ұйымдар) кеңейтілді.

6. Кредиттер бойынша алаяқтықты азайту мақсатында клиентті биометриялық сәйкестендіру жүргізбей электрондық банктік қарыздар мен онлайн микрокредиттер беруге тыйым салу енгізіледі. Сондай-ақ, бір уақытта алаяқтық кредиттердің ресімделуіне жол бермеу үшін банктер мен МҚҰ-ның осындай өтінімдер бойынша мәліметтерді нақты уақыт режимінде кредиттік бюроға ұсыну міндеті енгізіледі.

Заң жобасында тергеу іс-шараларын жүргізу кезеңінде сыйақы есептеуді және наразылық-талап қою жұмысын тоқтата тұру түрінде алаяқтық кредиттер бойынша туындаған берешекті реттеу міндеті көзделеді. Бұл ретте қарызды алаяқтық тәсілмен ресімдеу фактісі белгіленген заңды күшіне енген сот шешімі болған жағдайда клиентке қойылатын талаптар тоқтатылады.

Ағымдағы жылғы ақпан айынан бастап азаматтардың кредит алудан ерікті түрде бас тартуды белгілеу құқығы заңнамалық деңгейде енгізілді. Бұл ретте заң жобасында азаматтардың кредит алудан ерікті түрде бас тартуы болған жағдайда кредиторлардың ресімделген кредиттер бойынша борышты есептен шығару міндеті көзделген.

Заң жобасын қабылдау азаматтардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуде және халықтың шамадан тыс кредит алу тәуекелдеріне жол бермеуде маңызды рөл атқаратынын атап өткен жөн.

Ағымдағы жылғы 20 наурызда Парламент Мәжілісі Заң жобасын екінші оқылымда қабылдады және ол қазіргі уақытта Сенаттың қарауында.

ӨЗ ЕЛІНІҢ ПАТРИОТЫ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕЙДІ



Солтүстік Қазақстан облысының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметімен 2023 жылы жемқорлық фактілері туралы хабарлағаны үшін жалпы сомасы 1,1 млн теңгеге 5 адамға сыйақы берілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды көтермелеу жемқорлыққа қарсы күрестегі пәрменді тетіктердің бірі болып табылатынын атап өткім келеді.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін (көрсеткен) адамдарды көтермелеу қағидаларына сәйкес біржолғы ақшалай сыйақы беру, грамотамен марапаттау немесе алғыс жариялау формасында жүзеге асырылатын көтермелеулер көзделген.

Параның немесе келтірілген залалдың сомасы не ұсынылған жеңілдіктердің немесе көрсетілген қызметтердің құны бір мың айлық есептік көрсеткіштен (бұдан әрі – АЕК) аспайтын немесе залал келтірілмеген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша біржолғы ақшалай сыйақы мынадай мөлшерлерде белгіленеді:

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы әкімшілік істер бойынша – 30 АЕК;
- онша ауыр емес сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 40 АЕК;
- ауырлығы орташа сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 50 АЕК;
- ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 70 АЕК;
- аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша – 100 АЕК.

Пара немесе келтірілген залал сомасы немесе ұсынылған жеңілдіктер немесе көрсетілген қызметтер құны 1000 АЕК асатын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша біржолғы ақшалай сыйақы пара немесе келтірілген залал немесе ұсынылған жеңілдіктер немесе көрсетілген қызметтер сомасының 10% құрайды, бірақ 4000 АЕК-тен көп емес.

Сыйақы айыпты адамға қатысты айыптау үкімі немесе әкімшілік жаза қолдану туралы сот қаулысы заңды күшіне енген соң ғана беріледі.

Өңір тұрғындары сыбайлас жемқорлық фактілері туралы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің call-орталығына 424 (республика бойынша қоңырау шалу тегін) нөмірі бойынша хабарласа алады немесе Петропавл қаласы, Интернациональная көшесі, 60 мекенжайы бойынша аумақтық департаментке жүгіне алады.

Солтүстік Қазақстан облысының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Департаменттің баспасөз қызметі.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЗАҢДАРҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Қазақстан гендерлік зорлық-зомбылықтың барлық түрлерін жоюды өзінің жақтайтынын көрсетуде. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қауіптілігін елемеге болмайды, ол тек адамға зиян келтіріп немесе өлімге әкеліп қана қоймай, балаларды жетім күйге түсіреді әрі күйзеліске ұшыратады.

Қазақстан посткеңестік кеңістікте бірінші болып (2009 жылы) тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы құқықтық акті қабылдап, оған анықтама беріп, заңды жауапкершілікті бекітіп бергенін атап өткім келеді.

2023 жылғы 8 желтоқсанда Президенттің Жарлығымен бекітілген Адам құқықтары мен заңның үстемдігі саласындағы іс-қимыл жоспарына сәйкес әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау, сондай-ақ отбасылық құндылықтарды ілгерілету жөніндегі шараларды күшейту бойынша әзірленген заңнамалық түзетулер оларды жұртшылықпен кеңінен талқылау қорытындылары бойынша қол қойылған заңдарда көрініс тапты.

Қоғамдағы әл-ауқат отбасындағы климатқа тікелей байланысты, осыған байланысты осы дәстүрлі әлеуметтік институтта зорлық-зомбылық көрсетуге жол берілмеу керек. Қазақстандық қоғам ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бірнеше рет айтқан зорлық-зомбылыққа нөлдік төзімділікке қол жеткізудің маңыздылығын мен қажеттілігін түсінеді. "Неке және отбасы туралы" кодекстің 2-бабына дәстүрлі отбасылық құндылықтарды қорғау, сақтау, нығайту және ілгерілету туралы толықтырулар енгізілді.

Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті күшейтетін, сондай-ақ отбасы институтын, кәмететке толмағандардың қауіпсіздігін нығайтуға

арналған нормалар енгізілді. Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру және ұрып-соғу қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа және ауыр зиян келтіруге қатысты жауапкершілік қатаңдатылды. Тән ауруына ұшырататын, бірақ денсаулығына жеңіл зиян келтірмеген ұрып-соғу үшін 80 АЕК мөлшеріндегі айыппұлдан 50 тәулікке дейін қамау түрінде жаза енгізіледі. Адам денсаулығына жеңіл зиян келтіргені үшін 200 АЕК мөлшеріндегі айыппұлдан 2 жылға дейін бас бостандығынан айыруға дейін жаза қолданылады.

Заң балаларды тартып алуға ықпал етуі мүмкін деген пікір дұрыс емес ақпарат болып табылады. Балаларды отбасынан тартып алу осы заңдарда қарастырылмайды. Жаңа Заң балаларды педофилдерден қорғайды. Енді бұл үшін олар өмір бойы отырғызылады. Кішкентай балаларды өлтіру үшін де солай. 40 тәулікке қамауға алынғанға дейін 16 жасқа толмаған адамдарға жыныстық сипаттағы қорлау үшін жауапкершілік енгізілді. Өз-өзіне қол жұмсауды насихаттағаны үшін қылмыстық жауапкершілік енгізілді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықты қылмыс деп тану мемлекеттің азаматтық қоғаммен бірлескен жеңісі болды. Бұзақының жәбірленушімен бірге тұруына тыйым салу секілді ерекше талаптар қою мүмкіндігі, ең маңызды жаңалық болып отыр. Зорлық-зомбылықтың кез-келген түрі жазалануы керек. Аталған түзетулерді қабылдау іс жүзінде мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғамның бірлігін, Әділ Қазақстан құру жолында Халық үніне құлақ асатын мемлекет тұжырымдамасының тиімді жұмысын көрсетеді.

Жанат ЖҰМАБАЕВ,
Қазақстан Республикасындағы
Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өкіл.

"ҚАРТТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ" акциясына қатысайық!

9 мамыр – Жеңіс күні күні жақындап келеді. Бұл күн біздің аға буынға ризашылығымызды білдіріп, шынайы көңіл бөлуімізге мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың қажеттіліктеріне назар аударуға жақсы себеп. Қарияларды қолдау, оларға қамқорлық көрсету аға буынға көрсеткен парызымыздың аз ғана ғана бөлігі. «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің бастамасымен жылдар бойы елімізде "Қарттарға қамқорлық" акциясына ұласып келеді. Қазақ халқының дәстүрінде үлкенді сыйлап, ақылын тыңдап, алдынан кесе көлденең өтпеген. Елімізде қарт адамдарға деген қамқорлық жыл сайын артуда. Жасының егде тартуына, денсаулығының сыр беруіне байланысты қарттардың көптеген шешілмеген мәселелері туындайтынын білесіздер, сондықтан оларға қолдау көрсету туған-туыстары мен барша қоғамның міндеті. Мемлекетіміз қарт адамдарға деген қамқорлықты экономикалық дағдарыс кезінде де тоқтатқан емес. Дегенмен,

елімізде әлі де болса әлеуметтік көмекке мұқтаж егде адамдар бар.

Кейбір қариялар жасы ұлғайған шағында жан жылуы пен мейірімге зәру. Барлық жұмыс берушілерді, бизнес құрылым өкілдерін, аға буынның ел игілігіне қосқан еселі еңбегін ұлықтауға, "Қарттарға қамқорлық" айлық акциясына белсене қатысуға шақырамыз.

Жұмыс берушілерді, бизнес құрылымдарын, еріктілерді, қарияларға әсіресе мүгедек ардагерлерге, жалғыз басты зейнеткерлерге, аз қамтылған қарттарға арнайы көңіл бөлуге үндейміз. Оларға материалдық тұрғыдан қол ұшын созуға, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларына қолдау көрсетулеріңізді сұраймыз. Өз елінің патриоты ретінде акцияға бей-жай қарамайтын азаматтар жергілікті әкімдіктермен үлес қосады деген үміттеміз.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық
қоғамдық бірлестігінің Тайынша аудандық
филиалы»

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА ҮНДЕУ

Көп қазақстандық елді пойызбен аралайды. Мереке қарсаңында Жолаушылар тасымалы мен ҚТЖ жолаушыларға сапарын алдын ала жоспарлауды ұсынды, – деп хабарлайды Tengritravel.kz тілшісі.

Жолаушылар пойыздарына билеттерді пойыз жөнелтілгенге дейін 45 күннен 1 күнге дейін, қала маңындағы пойыздарға 10 күннен 1 күнге дейін сатып алуға болады. "Комиссиясыз билеттерді bilet.railways.kz сайтынан немесе теміржол вокзалдарындағы "Жолаушылар тасымалы" АҚ билет кассаларында сатып алуға болады. Bilet.railways.kz сайтының жеке кабинетінде жолаушыларға ыңғайлы болу үшін "күту парағы" қызметі жұмыс істейді, ол еркін сатылымда билет болмаған кезде кезекке тұруға және бос орын пайда болған жағдайда билетті сатып алуға мүмкіндік береді. Мұны пойыз жөнелтілгенге дейін 7 күннен ерте емес және 2 сағаттан кешіктірмей жасауға болады. Жолаушы билеттің бар екені туралы оның жеке кабинетінде, сондай-ақ SMS хабарлама арқылы хабарланады", – делінген компанияның баспасөз қызметі таратқан хабарламада.

2024 жылғы мамырда аудандық мәслихаттың төрағасымен, облыстық және аудандық мәслихаттың депутаттарымен азаматтарды қабылдау Кестесі

№ р/с	Қабылдауды жүргізген тұлғаның тегі, аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны	Қабылдау күні мен орны
1	Ерлан Сапарбекұлы Алпысов, облыстық мәслихаттың депутаты, «Зерновой консорциум Казахстана» ЖШС мал шаруашылығы саласының кеңесшісі	8 мамыр «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
2	Айгүл Бағдатқызы Әбдірахманова, аудандық мәслихаттың депутаты, «ЗИМ-Экспорт» ЖШС-нің директоры	3 мамыр Мироновка а/о әкімдігі
3	Гүлдана Серікқызы Көпірбаева, аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша көп бейінді ауданаралық ауруханасының учаскелік терапевт дәрігері	6 мамыр «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
4	Данил Викторович Долгалев, аудандық мәслихаттың депутаты, «Обуховский ГОК» ЖШС-нің директоры	10 мамыр Летовочный а/о әкімдігі
5	Людмила Николаевна Журавлёва, аудандық мәслихаттың депутаты, «Тайынша әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ-нің директоры	13 мамыр Теңдік а/о әкімдігі
6	Юрий Васильевич Красноголовый, аудандық мәслихаттың депутаты, «Зелёные Луга» ЖШС-нің директоры	15 мамыр Краснополян а/о әкімдігі
7	Мереке Жақсылықұлы Хамзин, аудандық мәслихаттың депутаты, AMANAT партиясы Тайынша аудандық филиалының төрағасы	17 мамыр Абай а/о әкімдігі
8	Алмас Жолдасұлы Нұрахмет, аудандық мәслихаттың депутаты, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы Тайынша аудандық филиалының директоры	20 мамыр «AMANAT» партиясы аудандық филиалының қоғамдық қабылдауы, Тайынша қ.
9	Сәрсенбай Мұратұлы Бекшенов, аудандық мәслихаттың депутаты, Тайынша ауданы мәслихатының төрағасы	22 мамыр Большеизюм а/о әкімдігі
10	Төрехан Ермаханұлы Алмасбаев, аудандық мәслихаттың депутаты, «Тиолайн» ЖШС директорының орынбасары	24 мамыр Келлер а/о әкімдігі
11	Динара Мәлікқызы Рсаева, аудандық мәслихаттың депутаты, «Алабота орта мектебі» КММ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	27 мамыр Зеленогай а/о әкімдігі
12	Николай Викторович Брайченко, аудандық мәслихаттың депутаты, «УМР ОГОК» ЖШС директорының орынбасары	29 мамыр Чкалов а/о әкімдігі
13	Анатолий Францевич Сарницкий, аудандық мәслихаттың депутаты, "Қазақстанның астық консорциумы" ЖШС бас агрономы	31 мамыр Яснополян а/о әкімдігі

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау уақыты: 11.00.-ден 13.00.-ге дейін.
Қабылдауға алдын-ала жазылуға болады:
аудандық мәслихат – 23 4 85; 23 0 72.

ЖАЗБАНЫ ТОҚТАТУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

Сот ісін жүргізудің жоғары деңгейде ашықтығына қол жеткізудің негізгі бағыттарының бірі дыбыс-бейне жазбасын қолдану болып табылады. Дыбыс-бейне жазба құрылғысын сот отырысының хатшысы іске асырады, яғни сот отырысы басталмас бұрын оның іске жарамдылығын тексереді, ал техникалық ақауларға байланысты немесе басқа да себептерге байланысты қолдану мүмкіндігі болмаған жағдайда, бұл түйткілді сот отырысының хаттамасында міндетті түрде көрсете отырып, судьяға баяндайды. Сот отырысы аяқталғаннан хатты дыбыс-бейне жазба құралдарының техникалық ақауы туралы кеңсе меңгерушісін хабардар етеді, ал ол өз кезегінде облыстық және оған теңестірілген сот кеңсесіндегі ақпараттық технологиялар бойынша бас маманға хабарлайды. Дыбыс-бейнежазба құралдарын қолдануға мүмкіндіктің болмауы сот отырысын жалғастыруға кедергі бола алмайды. Сот отырысын таспалау кезінде сот отырысының хатшысы тыңдағыштар арқылы тыңдау жолымен жазба сапасына ағымдағы бақылау, арнайы бағыттағы бағдарлама белгіленген дыбыс жазу эквалайзері және сыртқы дыбысқа тербелу эквалайзер шкаласының тербелуіне әсер етуін бақылау жолымен дыбыс-жазба кешенінің жұмысқа жарамдылығына бақылау жасауды іске асырады. Сот отырысы басында міндетті түрде сот процесіне қатысушының сөз сөйлеуін тіркейтін дыбыс белгісін басып тіркеп отырады. Сондай-ақ, қысқаша хаттамадан кейін арнайы электронды жеткізгішке /DVD дискі/ жазып іске тіркеп отырады. Сот тырысының дыбыс-бейнежазбасын заңсыз тоқтатуға немесе түзетуге тыйым салынады. Шешім шыққан істердің дыбыс-бейне жазбасы соттың деректер сақтау серверінде 1 жылдан кем емес уақыт сақталады.

Дыбыс-бейне жазбаның көшірмесі іске қатысушыларға арнайы нысан бойынша жазылған арыз негізінде беріледі, ал жабық сот отырысында қалған жағдайда, іске қатысушы адамдарға және олардың өкілдеріне сот отырысының дыбыс-бейне жазбасы берілмейді. Сот отырысының жазбасымен таныстыруды қамтамасыз ету мүмкіндігі сотта жүргізіледі. Қылмыстық істер бойынша сот отырысының дыбыс-бейне жазбасының көшірмесі сотқа өтініш түскен күннен бастап бес тәулік ішінде беріледі. Бұл жазбаның тиімділігі орасан зор, процесс барысында залдағы тәртіп сақталып, тараптар да, судья да өздерін заң талабына сай ұстайды. Бұл өз кезегінде істің тыңшылықты қаралуын да септігін тигізеді.

Ал басты артықшылығы халықтың сотқа деген сенімін нығайтуға себеп болып, сот өндірісіндегі тазалық пен ашықтықты қамтамасыз етіп, азаматтардың конституциялық құқығын сақтауға айрықша мән береді. Заманға сай, сот жүйесіндегі ғылым мен техниканың жетістіктерінің бірі «Төрелік», «Сот кабинеті», «Дыбыс-бейне жазба құралын қолдану» сияқты тетіктер азаматтардың сот қызметіне қолжетімділігін жақсартады.

Айгерім МЕЙРАМ,
Тайынша аудандық сотының
сот отырысының хатшысы.

**КҮШІМІЗ БІРЛІКТЕ!
БІЗ БІРГЕМІЗ!**



Ауданның барлық дерлік ауылы су басу аймағында болды. Жергілікті тұрғындардың, Төтенше жағдай бөлімі, өрт сөндіру бөлімшесі күштерінің, атқарушы билік органдарының су тасқынына қарсы іс-шараларын уақытында қабылдауы көптеген ауыл тұрғындарының үйлеріне топан судың кіруіне жол берілмеді. Аудан бойынша барлығы 21 үй иелігі су астында қалды. Тихоокеан ауылдық округінің Алабота ауылында, Чкаловка округінің Новоберезовка ауылында, Рошинск ауылдық округінде Макашевқада, Теңдік ауылдық округіне қарасты Кантемир ауылында, Ясная Полянада. Краснополян ауылдық округі үлкен шығынға ұшырап, мұнда су бірден 13 үйге кірді. Сондай-ақ Красная Поляна, Черниговка, Доброжановка елді мекендерінде де топан судан зардап шеккендер бар.

Ең алғашқыда топан су Ақмола облысынан Чаглинка өзені арқылы келді. Солтүстік гидростаттағы су деңгейі 406 сантиметрге жеткенде, су Тайынша ауданына Заречное ауылы арқылы үлкен жылдамдықпен ағылды. Аудан әкімі Берік Әлжановтың төрағалығымен су тасқынына қарсы штаб шұғыл түрде жұмысқа кірісіп, топан сумен күрес бойынша жедел іс-қимылдар анықталды. Мәселен, Заречное ауылының автожолында өзенді арнада ұстау үшін проран қазылды. Тайынша қаласындағы Күншығыс көшесінің бойында бірлескен күш-жігермен үйлердің су басын болдырмай, бөгеттегі үзілісті жоюға және қысқа мерзімде жер үйіндісін қапшықтармен және инертті материалдармен нығайтуға мүмкіндік туды.

Солтүстік Қазақстан облысында су тасқынының екінші

толқыны өз шегіне барып, 363 сантиметрге дейін жетті. 22 сәуірге шаққанда Сергеев су қоймасында толып кету деңгейі 360 сантиметрге дейін төмендеді. Бірінші толқынның рекордтық көрсеткіші 425 сантиметрге тең болған еді.

Осы уақыт аралығында су басқан аумақтарда су тасқыны салдарларын жоюға, зардап шеккендер үшін материалдық залалды бағалайды. Кейін жасалған актіге сәйкес ауылдық округ әкімдігі аудандық экономика және қаржы бөліміне залалды өтеу сомасын келісуге және одан әрі транзакциялауға өтінім береді. Бүгінгі таңда жалпы сомасы 3 999,3 миллион теңгеге залал өтелді. Бұл экономика және қаржы бөлімі берген ақпаратқа сәйкес тоғыз үйдің сомасы, олардың барлығы Красная Полянада орналасқан. Бұл ауыл әкімдігі бағалаушының пікірін алғаннан кейін зардап шеккендерге бірден төлейтін жалпы сома. Сомалар әртүрлі және зақымдану ауқымына байланысты. Яғни, үйге кірген судың деңгейі, үй-жайдың судың астында қалу ұзақтығы. Бюджет кодексіне сәйкес залалды өтеу жергілікті бюджет резервінен қаржыландырылады.



Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық мәслихатының 2023 жылғы 13 қарашадағы № 87 «Тайынша ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы» шешімінің негізінде азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне стихиялық залал келтіруге байланысты мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көзделген. Әлеуметтік көмек тұрғын үй (тұрғын үй құрылысы) иелерінің біріне бір мезгілде 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

«Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне су тасқынынан зардап шеккен адамдардан 22 өтініш түсті. Зардап шеккен отбасыларға жалпы сомасы 8 миллион 122 мың 400 теңгеге біржолғы мемлекеттік әлеуметтік көмек төленді», – деді Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Айнагүл Жәкенова.

Айта кетерлігі, Тайынша ауданындағы су тасқыны нәтижесінде 8 автожолдағы 11 жерде аудандық маңызы бар жолдар мәжбүрлі түрде бұзылды. Облыстық маңызы бар жолдарда осындай 3 жағдай орын алды (Летовочное-2, Тайынша-1). Республикалық маңызы бар жолдар бойынша жағдай келесідей: Макашевқа ауылының маңында аудандық маңызы бар екі жолдағы үш учаске – Зеленый Гай-Шұңқыркөл, Макашевқа-Октябрьское – Димитровка – екі учаске. Жол төсемін қалпына келтіру кезінде су өткізгіш құбыр болмаған жерлерде уақытша төсеу жұмыстары жүргізілді. Су тасқынынан зардап шеккен барлық бағыт бойынша асфальтбетон жабыны бар орташа жөндеуге сараптамасы бар жобалар дайындалды, күрделі су өткізу құбырларын төсеу арқылы ағымдағы жөндеуге сметалық құжаттама дайындалды.

КТТА-317 «Ясная Поляна-Тихокеан-Шұңқыркөл, Көкшетау-Омбы» аудандық маңызы бар жолында 22 километрде жол төсемі сумен шайылып, қолданыстағы түтікшелерден 2 қалдық су өткізу құбыры мәжбүрлі түрде бұзылды, шайып кету ені 30 метрге дейін, тереңдігі 10 метрден астам болды. Автомобиль жолының осы учаскесін қалпына келтіру үшін үйіндіні орташа жөндеуге, қалпына келтіруге, құбырдың өткізу қабілетін 22 километрде 3x4x2,5-ке дейін ұлғайтуға, жаңа су өткізу құбырын 3x4x2,5 23 километрге орнатуға сараптамасы бар жоба дайындалады, мәжбүрлі түрде бұзылған учаскенің бүкіл ұзындығы бойында бетонмен нығайтады. Бұл жұмыстар қалпына келтіру жұмыстарының жол картасына енгізілген.

Еріген судың нәтижесінде аудандық маңызы бар КТТА-98 «Макашевқа-Октябрьское-Димитровка» жолының 3 және 24 километрінде 2 учаске бұзылды. Қолда бар су өткізу құбырлары су көлеміне төтеп бере алмады. Бұл учаске қалпына келтірілмеген, Димитровка ауылынан Октябрьскийге дейін уақытша жол жасалған. Заречное ауылының жол учаскесінде жолды су шаю жағдайы күні бүгінге дейін жалғасып жатыр. Жол төсемін қалпына келтіру үшін Чаглинка өзеніндегі су деңгейінің төмендеуін күту керек деп санайды мамандар. Осы ретте Мироновка және Большой Изюм ауылдары арқылы өтетін жол бар.

Ауылдық округтердің тұрғындары әкімдермен тығыз байланыста, аудан әкімдігінің қолдауымен және көптеген бей-жай қарамайтын жұртшылықтың қолдауымен бірлесе жұмыс атқарғаны қуантады, әрине. Ортақ іс барысында күш біріктіріліп, техника, инертті материалдарды қолданылды.

Суды ұстап тұру бойынша бірлескен келісілген іс-шаралар аудан ауылдарын су басудан сақтап қалды. Сонымен ауыл тұрғындарының, жергілікті атқарушы билік органдарының, кәсіпкерлердің бірлескен жұмысының нәтижесінде Донецк, Летовочное, Заречное, Келлеровка және басқа да ауылдардың тұрғындарының мал-мүлкі аман қалды.



Ауданымыздың тұрғындары зардап шеккендерге көрсетіп жатқан гуманитарлық көмектерін аямады,- дейді газет тілшілеріне берген сұхбатында Тайынша ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімінің бөлім басшысы Наталья Викторовна Голубь. **Бүгінгі таңда Тайынша ауданынан су тасқынынан зардап шеккен аумақтарға гуманитарлық көмекті жинап, жөнелтуге аудан тұрғындары, оның ішінде жеке кәсіпкерлер, мемлекеттік қызметкерлер мен аудандағы ұстаздар қауымы, денсаулық саласының мамандары, ауылшаруашылығы мамандары мен барлық дерлік жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер және аудандық мешіт жамағаттары түгелдей ат салысып, көмек қолын созғаны өте қуантарлық жағдай дейді,** – бөлім басшысы Н.В.Голубь.

Гуманитарлық көмек жинау пунктерінде, азық-түлік және киім-кешектер әлі де болса жинақталып жатыр. Осындай қайырымды шараға қатысып жатқан азаматтардың қатары күн санап артып келе жатқандығы қуантады. Бұл баға жетпес бірліктің, ортақ тілек пен ниеттің көрінісі. Осындай береке-бірлігіміз сыналар шақта біз бәріміз бірге болайық, бір ел болып топан судан зардап шеккендерге көмек қолын созып, күресті одан әрі жалғастырайық, бұл баршамызға ортақ мәселе. Күшіміз бірлікте! Біз біргеміз!



*Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында!

РЕЙХСТАГҚА ТУ ТІККЕН ҚАЗАҚ



Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, жазушы Кәкімжан Қазыбаевтың назарларыңызға ұсынылып отырған бұл мақаласын батыл түрде тарихи құнды құжат деп атауға болады. Өйткені атақты Рахымжан Қошқарбаевтың Рейхстагқа бірінші болып Жеңіс туын желбіреткенін алғаш дәлелдеген осы мақала екенін біріміз білсек, біріміз білмейміз. Бұл мақала Рейхстагқа бірінші болып Жеңіс туын тіккен Рахымжан батырдың ерлігін паш етудің басы болатын.

Бауыржан Момышұлының ұйытқы болуымен Кәкімжан Қазыбаев көп ізденіп, мақала жазумен ғана шектелмей, мәселені сол кездегі Орталық комитеттің қарауына ұсынып, Мәскеуге дейін сұрау салады. Жалпы, К. Қазыбаевтың қолында Рахымжан батырдың Рейхстагқа алғашқы болып ту тіккендігін дәлелдейтін 100-ден астам құжат болған. Ол кісі Рахымжанның ерлігі туралы алғаш «Воин Родины» атты дивизия газетінің 1945 жылғы мамырдың 3-інде жарияланғанын анықтайды. Ал сол жылы мамырдың 5-інде-ақ Рахымжан Қошқарбаевқа Совет Одағының Батыры атағын беру жайлы ұсыныс қозғалғанымен, оны Мәскеу көпе-көрінеу ескермейді. Кәкең 1965 жылы ОК хатшысы Н. Жәнділдинге жазған хатында мәселенің мәнісі Рахымжанның әкесі Қошқарбайдың 1937 жылы қуғынға ұшырағандығымен байланысты болғандығын ашып жазады.

Кәкең Баукең арқылы Рахымжанның майдандық газетке алғаш жазған майдангер-журналист Василий Субботинмен танысып, қос қаламгер «Советский воин», «Правда», «Литературная газета» «Қырым», «Новый мир», «Дружные ребята», «Жұлдыз», «Простор», «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Фрунзевец» тәрізді басылымдарда Рейхстагқа алғаш ту тіккен Рахымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатов жайында бірнеше мақала жариялайды. Кейін сол кездегі ГДР журналисі Карл Кокоско арнайы Рахымжанды іздеп келіп, Кәкеңмен кездеседі. К.Кокоско да Берлин басылымдарында Рейхстагқа ту тіккен Рахымжан жайында бірнеше мақала жазады. Ал 1965 жылы Жеңістің 20 жылдығына орай, Кәкең Рахымжан турасында «Кернеген кек» повесін жазып бітірсе, «Правда», «Литературная газета» басылымдарында және сол жылы жарыққа шыққан Ұлы Отан соғысы тарихының 5-томында Рейхстагты алған Рахымжан мен Григорий батырлар жайында жазады. Ал Василий Субботин өзі жүргізетін «Голубой огонек» телебағдарламасына Рахымжанды арнайы шақырып, Рейхстаг түбіндегі ту жайында сыр суырпақтайды. Сол жылы К. Кокосконың мұрындық болуымен Берлиндегі кеме зауыты бригадаларының және пионер отрядтарының бірине Р. Қошқарбаевтың аты беріледі. Бұл турасында Кәкең «Неміс достар осындай ілтипат көрсеткенмен, өзіміздегі дәмеленген қарекеттен ештеңе шықпады. Дүрілдеп ұлы Жеңістің 20 жылдығы да өте шықты, бірақ Рахымжан жөнінде Москва үндемеді», – деп қынжыла жазады. Кәкеңнің жазуынша, бұл жайға сол кездегі Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының төрағасы Жұмабай Тәшенов араласып, Рахымжанның кезінде батырлыққа ұсынылған мұрағат құжаттарын көтертіп, маршал И. Конеvтің алдына мәселе қояды. Бірақ оның соңы дауға ұласып, төрелік айтады деген К. Ворошилов табандылық көрсете алмапты...Осылайша батыр Баукеңнің мұрындық болуымен, Кәкімжан Қазыбаевтың араласуымен басталған «майданға» сол кездегі еліміздің басшысы Д. Қонаевтан бастап, басқа да қайраткерлер мен қаламгерлер үн қосады. Соның нәтижесінде 1999 жылы мамырдың 7-сінде Рахымжан Қошқарбаевқа Халық Қаһарманы атағы беріледі. Ал Кәкімжанның

жары Орынша Қарабалина-Қазыбаеваның айтуынша, Кәкең кезінде Рахымжан батырмен бірігіп Рейхстагқа ту тіккен, ұлты – башқұрт Григорий Булатовқа да қамқор болуды көздейді. Өкінішке қарай, ол өз-өзіне қол жұмсап, бақилық болып кетеді. Кейбір мәліметтерге қарағанда, марқұм Рейхстагқа тұңғыш ту тіккендер мәселесіне байланысты әділетсіздікке төзбесе керек...

Кәкімжан Қазыбаевтың жазуынша, Рахымжан батыр Рейхстагқа бірінші болып ту тіккен сәуірдің 30-ын достары Рахымжанның қайта туған күні деп атайды екен. Сол айтулы күн қарсаңында Кәкеңнің төмендегі мақаласын қаз-қалпында жариялауды құп көрдік.

Иә, ол күндердің ізі өше ме?! Ешқашан да өшпек емес. Майданда болғанның да, болмағанның да есінде. Қандай қиын жылдар болды, қаншама қан төгілді. Аласұрып аптыққан жаумен табаны күректей төрт жыл алыстық. Талай тарлан, небір боздақтар ел үшін, халық үшін құрбан болды. Сол күндерде бетін от-жалын шарпыған ерлердің қайсысымен әңгімелессеңіз де, жүрегіңіз елжіреп, аузынан шыққан әрбір сөзін түсіріп алмауға тырысасыз. Солардың көбі өзі туралы «мен сөйттім, мен бұйттім» деп айтпайды. Ер жолдасы, қимас қыран досы туралы сөйлейді. Рахымжан Қошқарбаевпен әңгімелескенде де, сөз жүйесі осы желіге қарай бұрылып бара жатты. Біраз тыңдағаннан кейін: – Тоқтаңыз, Реке! Бізге өзіңіз туралы айтыңыз.

– Өзім туралы не керек, көптің бірі болып соғыстық, әйтеуір, аман қалдық, – деп күрсінді де, манадан ақжарқын отырған жігітіміз тырс үндемей қалды. Жауынгер достары есіне түсіп кетті ме, әлде бір қиын кезең, қатал көрініс көз алдынан өтті ме, кім білсін? Қиыла тағы сұрадық. Бұлай сұрауымыздың реті де бар еді. Оған мына бір жай түрті болған-ды.

Жақындап қалған үлкен мереке қарсаңында, Совет Армиясы мен Соғыс Теңіз Флотының 40 жылдығы алдында, кітапханада әдейі сарыла отырған бір күн. Газет, кітап, журналдардың қызығы бас көтертпейді. Ұлы Отан соғысы кезіндегі талай ерліктерге сүйсіндік. Бәрін де есте сақтағың келеді.

«...Біздің жауынгерлерді қыранмен, бүркітпен теңеуді қоятын кез жетті. Қазақ жігіті Қошқарбаев менің көз алдымда өз жолдастарымен Рейхстагқа ту тікті. Жанған от ішінде, ажал аузында жүріп ерлік көрсеткен олар.

Осындай ердің образын беру үшін бөлекше теңеу, бөлек поэзия, социалистік реализм поэзиясы керек...» Бұл сөзді айтқан – көрнекті совет жазушысы, марқұм Борис Горбатов. («Литературная газетаның» 18 декабрь 1948 жылғы 101-санында). Осы адам жөнінде жазылған не бар екен? Тағы қандай деректерді таба алар екенбіз? Бұл сұрақ кітап, газет, журнал қойнын кеңірек аштыра түсті. Міне, тағы бір дерек. 1949 жылдың 8 май күнгі нөміріндегі белгілі кинооператор Карменмен «Казахстанская правда» газеті тілшісінің әңгімесі:

«...Біз бұрынғы жауынгерлердің бүгінгі еңбектегі ерлігіне айрықша тоқталамыз. Сондай жауынгерлердің бірі Қошқарбаевпен мен тағы да кездесем, шіркін! Қайда екен ол қазір? Қаһарман жас жігітті Рейхстагқа ту тігіп жатқан кезде түсірген кинокадрларым бар еді. Бұл 1945 жылдың естен кетпес бір күні еді».

– Иә, ол естен кетпес күн еді. Өзің туралы айт деп қоймайсыздар, қысқа айтамын, өкпелемеңіздер, – деп бастады сөзін Рахымжан. Аспан жанып, жер солқылдап тұр. Ұрыс Берлиннің қақ ортасында. Айнала шаң-топырақ, қою иісті түтін араласқан бірдеңе. Әр үй, әр көше, тіпті әр баспалдақ үшін қырғын соғыс. Гитлершілердің жаны мұрнының ұшына келіп, ақырғы демі тамағының астында тұр. Жан тапсырар алдындағы тұяқ серпері. Ал біздің солдаттардың зығырданы әбден қайнаған. Бұрын да талай қырғын, қиын айқастар болды ғой. Дәл Берлиннің ішіндегі совет жауынгерлерінің ұмтылысына, екпініне теңеу табу қиын. Ауызбен айтып жеткізе алмайсың. Қандай бөгетті болса да, тып-типыл етерлік, кемерінен аса шірне тасыған мұхит толқынындай. Шырыққан жауынгерлердің ерлігі, қимылы бірінен-бірі өтеді. Зеңбірек, миномет оқтары қарсы маңдайдан ұрса да, шегінер еш адам жоқ. Сүйем болса да, ілгері жылжу. Немістің баскесерлері ін түбіне тығылған аңша ығысып барады. Бірақ аузын ырситып, тісін ақситып қапқысы келеді. Қасарыса қарсылық көрсетеді.

28 апрель. Біздің полк Ішкі істер министрлігінің үйін – «Гиммлердің үйі» деп аталатын үйді алуға



тапсырма алды. Бұл үй бүкіл кварталға көсіліп жатыр. Таң қылаң бере біздің артиллерия оқ нөсерін құйып берді. Әлемдегі бар планета осы маңға жанып түсіп жатқандай. Айнала ұлып, күңіреніп кетті. Біз де қарақұрым болып қаптап, жан-жақтан лап қойдық. Ең алдыда – аға лейтенант, тәжік жігіті Атаевтың ротасы. Шашы қалың, қап-қара әдемі жігіт еді. Сан ағалық ақылдары, бауырмашылдық сыпайы сөздерімен мені әбден баурап алған болатын. Көрген сайын өз ағамдай еміреніп, еркелеп тұрушы едім. Өзі де бір сымбатты, тұлғалы офицер еді. Көзім шалып қалды, жігіттерін алға ұмтылдырып, дауысы өктем шығып, ерлерінің алдында өзі кетіп бара жатыр екен. Осы ротаның соңынан өкшелеп біз де келе жатырмыз. Үлкен айқас, қыруар шығынмен үйдің ішіне кірдік. Жау төменнен қашып, жоғарыға қарай құсырылып барады. Әр этажда, әр бөлмеде – қырғын соғыс. Ұрыстың соншама қатты болғанын қараңыз, таң қылаң бере үйге кіргеннен кешкі сағат төрт мөлшерінде төртінші этажда өрең іліктік.

– Анау Рейхстаг болар-ау, – деді қасымдағы бір жауынгер. Төртінші этаждың дал-дұл болған терезесінен тасалып келіп, қырындай қарадық. Қою түтіннің арасынан үлкен үй еміс-еміс көрінеді. Қашықтығы шамамен екі жүз, үш жүз метрдей. Үйдің қаңқасы ғана қалған. Төбесінде күмбезі бар. Ішіне тығылып алған неміс зеңбіректері біз тұрған үйге қарай от құсып тұр. Оның үстіне жоғары қабатқа тығылған құзғындар да жан ұшырып, айбар жасауда.

Рейхстагтың ар жағынан парк көрінді. Кейіннен білдік, Тиргартен паркi деп атайды екен. Ол парктің әрбір бұтасы, әрбір ағашы оқ атып тұрғандай. Біздің мазамызды алған да – сол төңіректен көрсетілген неміс қарсылығы. Рейхстагтың бергі аузы жап-жалаңаш, ашық алаң, оның бер жағында – канал. Каналдан өтетін көпірдің де құр тұлдыры.

Әлгі ашық алаңда трансформатордың жәрдемімен немістің өздігінен ататын зеңбірегі дүркін-дүркін біз жаққа лап қойып, лап қойып тұрды. Расхатының, адамдарының қайда екені белгісіз, көрінбейді. Неміс жендеттерінің әр үйде қаруланғаны соншама – алған этажымыздың бәрінде үйінді-үйінді фаустпатрондарды кездестірдік. Жігіттер бұл құралды қалай атуды да дем арада біліп алыпты. Енді Рейхстаг жаққа қарай немістің өз оқтарын зулатты. Үш-төрт фаустпатронды иығыма салып атып, мен де құр қалмадым. Әлгі алаңдағы зеңбірек немістің өз оғымен істен шықты. Бірақ басқа жердегілердің аптығы әлі басылар емес. Үйдің ішінде жүрсек те, әрбір қадам қауіпті.

Терезеден, қабырғаларды тесіп оқ зу-зу етеді. Жеңіс шыңына қол созым жерде тұрып, талай тарландар өліп кетті. Қандай аянышты. Кеше ғана, тіпті жаңа ғана «жауды жеңдік қой, енді қанша тырбандар дейсің, Жеңіс туын Рейхстагқа дейін апардық деп айтамыз сүйген жарға» деп тұрған жалындар жан тапсырып жатыр. Оларға деген аяныш, жауға деген ыза жүрегіңді тырнайды. Қайтесің, соғыстың аты – соғыс. Құрбандықсыз болған ба?! Тістенесің де, оқ атасың. Әрбір жауынгер бұл сәт өлім мен өмір арасындағы қыл үстінде.

Жалғасы. Басы 6-бетте.

Күрестің отша қайнаған ортасында. Сөйтіп, қатты шайқас жүріп жатты.

...30 апрель, түс кезі.

– Батальон командирі, капитан Давыдов шақырады, – деді. Төртінші этаждан подвалға жүгіріп түстім. Терезесі Рейхстаг жаққа қараған бөлмеде тұр екен. Қасында – политрук Васильченко, тағы бір топ жігіт. Терезеден бәрі көрініп тұр. Лағынет ұрыстың өңеші өлімге әлі толмағандай. Қан иісі сынық терезеден кеп мұрныға ұрады. Сәл толастайды да, оқ бұршағы ұлып үдеп береді. Зеңбірек зіркілдейді, снаряд ышқынады. Осы бір қасірет музыкасының ойнағанына неше күн. Әлгі біз тұрған бөлменің терезесінен тап соның алдында тұрып, біреу бүркіп тұрғандай оқ құйылады. Бұрышқа қарай ығыса түсеміз.

– Лейтенант Қошқарбаев, саған жауынгерлік тапсырма, – деді Давыдов.

– Орындауға әзірмін. Қастарына шақырып, Васильченко екеуі ортаға алды.– Көріп тұрсың ба анау үйді? Рейхстаг деген – сол. Ендігі қалған жау ұясы.

– Көріп тұрмын. – Қызыл жалау апарып тігу керек! Полктен әдейі лейтенант Сорочкин басқарған барлаушылар взводын жіберіпті, – деді қасындағы жігіттерді нұсқап. – Бұлар да сенімен бірге аттанады. Бүкіл батальон болып қолдаймыз.

– Құп, жолдас капитан.

Сол арада жалау да дайын болды. Ұзындығы бір жарым метрдей ағашқа (терезенің жақтауы) бір метрдей қызыл шүберекті байлап алдық. Туды ресми түрде маған Васильченко тапсырды. «Бұл туды елден ерек маған неге тапсырады? Сондай сенімге ие боларлық көзге түсе қойдым ба? Рас, Одерден өткенде взводымның жігіттерін сол кездегі комбат – марқұм Твердохлебов мақтаған болатын. Сол арадағы ұрыс үшін «Бірінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденін мен де алдым. Ал Берлинге кіргелі алдамыз. Бүкіл батальон, полк алда келе жатыр. Онда тұрған не бар. Әркімнің-ақ Рейхстагқа тү тіккісі келеді. Барлық жауынгерлер де бұған жұлқынып тұр. Ап десең, лап беруге әзір».

Бір сәт көз алдымнан взвод жауынгерлері өтті. Одерде ерлікпен қаза болған қайран Попов. Қыран еді-ау, шіркін. Жау бас көтертпей жатқан шақта топ бастаған серкедей жүріп беруші еді. Қазір төртінші этажда ұрыс жүргізіп жүрген Гончаренко ше. Нағыз жүректінің өзі. Жауынгерлерімнің бәрі де тізіліп өтіп жатыр. Қимаймын, бауыр басып кеткен ерлерім. Жаман айтпай жақсы жоқ, мерт болып кетсем ше? Бірақ олар «тәуекел, барыңыз, жолдас лейтенант» деп тұрғандай. Ойымды «Аман бол, бауырым!» – деген Васильченконың батасы бөліп кетті. Бел бекем буылды. «Басқадан жаным әулие ме, тәуекел», – дедім ішімнен. Туды сабына орап, қойныма тығып алдым. Қайраттандым...

Оқ бүркесіні бөлме ішіне тағы бір сау ете қалған кезде, терезеден шыбын жанымды қолыма алып, ытқи жөнелдім. Ұмар-жұмар үйдің сыртындағы бір шұңқырға кеп құладым. Көріп қалды ма, әлде осы бір үңгірден (әлгі бөлменің терезесі) сезіктеніп әдейі атып тұр ма – оқты тағы да сеуіп жіберді. Бас көтеруге мұрша жоқ. Бір уақытта қолтығымның астынан артыма бұрылып қарасам, доп-домалақ бір жас жігіт өкшелей кеп құлапты.

– Амансыз ба, жолдас лейтенант?

– Өзің ше?

– Мен де аманмын-ау деймін. Бірақ арттағылар шыға алмай қалды. Сәл күттік. Жау біз шыққан терезеге бұрынғыдан бетер қатты шүйілді.

– Тәуекел, жылжиық!

Тудың сабы жаңа ғана алған партбилетіме жанай бауырымда жатыр. Партияға өтерде «Рейхстагқа шабуыл жасағанда коммунист болсам» деген арызым есіме түсті. Бұл мені жігерлендірді. Айтпақшы, жаңағы жігіт – Григорий Булатов. Жастайынан полктің өзінде тәрбиеленген қолбала. Өте шапшаң, жүргіргенде құйындай ұшады.Көп кідіруге болмайды. Алда 30 метрдей жерде үлкен бір үйінді тұр. Ең болмаса, соған жетейік. Оқ сәл толастағандай болса, біз ұша жөнелеміз. Әлгі үйіндінің түбіне де жеттік. Бірақ бұл арада ұзақ жатуға болмайды. Жау сені қазір-ақ қағып түсіреді. Жан-жағың ашық.

– Жолдас лейтенант, анау трансформаторды қалқаласақ қайтеді? – деді Булатов. Аузын жиғанша болған жоқ, бір снаряд дәл жанымыздан келіп гүрс етті. Не болса о болсын, түтін жамылып, трансформаторға қарай ұша жөнелдік. Айналаға қарасаң, жаның түршігеді. Бұл дүниеде екенінді сезбегендейсің. Осындай әлдебір қорқыныш сезімдері билегенде, қойнымдағы ту есіме түседі де, қайта жігерленем. Аспан от боп жанып, жер балқып

тұрғанда, трансформатор қалқа болушы ма еді. Ендігі жан сақтар жер – көпірдің асты. Тағы бір толаста ыта жөнелдім. Булатов та өкшелеп келеді. Елу метр жердегі канал көпірі осы сәт елу шақырымдай болып көрінді. Әлгі трансформатордың түбінде, көпірге жете берер жерде Атаев ротасының түсі таныс жігіттері сұлап жатыр. «Еһ, бауырларым, мейірімсіз жау қыршындарыңнан қиды-ау, топырағың торқа болсын» дегеннен басқа қолымнан еш нәрсе келмеді.

Көпірдің өзіміз жақ жағасында көп отыру аса қауіпті. Өйткені бірден-бір өтер жері деп бұл нүктеге жау ерекше шүйіліп тұр. Қадалардан ұстап, жылжи-жылжи жау жақ жағасын кеп паналадық. Рейхстаг кем дегенде, жүз метрдей жерде әлі. Паналайтын ешбір бұта жоқ, жап-жалаңаш. Көріңсең болды, қағып түсіреді. Булатов екеуіміз шыға алмай отырып қалдық. Туды алып жайдық та, бұрышына полктің нөмірін, өзіміздің аты-жөнімізді сиялы қарындашпен жаздық.

Кім біледі, бұл туды тіге аламыз ба, жоқ па?! Күн батты. Кешкі сағат 7 шамасы. Бір кезде біздің артиллерия аспанды айшықтап, Рейхстагты үсті-үстіне ұрмасы бар ма. Снарядтар жігердің, айбынның айғағындай үстімізден зымырап өтіп, жаудың соңғы ұясын мылжалап жатыр. – Григорий, ең қолайлы сәт, ал, жүгірейік!

Зытып келеміз, зытып келеміз. Бір абыройы, екеуіміз қатар келе жатырмыз. Алғашқы баспалдаққа аяғымыз ілінгенде, екеуіміз бірімізді-біріміз жетектеп алдық. Жоғары өрлеп келеміз. Қаңғыған оқтар жан-жағымыздан зу-зу етеді. Өлден уақытта үлкен баспалдақтың қанатына мініп алып, жоғары қарай жорғалай жылжыдым. Григорий қатарлас баспалдақпен келеді.

– Тоқта, әкел қолыңды! Бас-аяғы бір тұтам кішкентай жігітті балаша көтеріп алдым. – Сал аяғыңды иығыма! Ол ыршып менің иығыма шықты. Қойнымдағы жалауды суырып алып, қолына бердім: – Іл! Байла!

Мөлшері екінші этаждың терезесі болу керек. Қараңғыда қалай желбірегемін де анық көре алмадық. Жүгірген бойы төмен қарай зыттық. Осы сәтте бір жарық ракета аспанды шарлай жөнелді. Біздің жауынгерлерге шабуылға шығуға берілген белгі екен. Ракета жарығымен өз туымыз өзімізге көрінді. Қаншама азаматтың ерлікпен тегілген қанына боялғандай қызара шалқып, шабуылға шығушыларға қол бұлғайды.

– Жарайсың, азаматтарым, біз бұрын жеттік пе десек, сендер де келіп қалған екенсіңдер ғой, – деді біреу. Жалт қарасақ, байланыс бөлімшесінің адамдары.

– Қай батальоннансыздар?

– Давыдовтың батальонынанбыз.

Әлгі лейтенанттың сол арада атын сұрау да есімізде болмапты. Ол бізге «Жарайсыңдар, ерлерім» деп бірнеше қайталады да, өздері алып келген телефонның құлағына жармасты:

– Зинченко жолдас, біз Рейхстагтан.

Бұл жігіттердің көршілес Зинченко полкінен екенін білдік. Булатов күлімсіреп маған қарайды, мен оған қараймын. Бірімізді-біріміз құшақтай алдық. Ілезде Зинченконың полкіндегі Неустроевтың батальоны да жетті. Жауынгерлердің қанша күн бойғы көрмеген ұйқысы мен тартқан азабынан көздері кілгіріп тұрса да, ар жағындағы жеңіс қуанышын аңғару қиын емес. Уралап ілгері ұмтылып барады. Рейхстагқа сүңгіп кірді де кетті.

Міне, біздің батальонның да алды көпірден асты. Мен жауынгерлік тапсырманы орындағанымызды айтуға қайтып келемін. Рейхстагқа бара жатқандар танымаса да, қолын бұлғап, күле қарайды. Дәл бағанағы бөлменің терезесінен қайта қарғып түскенде, еш нәрсе айтқызбастан Васильченко мені балаша көтеріп алды да, бетімнен сүйді. Бұдан кейін Рахымжан 1 май күнгі болған ұрысты, Рейхстагтың ішінде өздері қолдан өткерген 2 май күнгі айқасты айтуға көшті.

– Біздің істегеніміз – үлкен Ұлы Жеңіске қосылған бір кішене бөлшек, – деп бітірді әңгімесін.

Иә, сіз бір кішене бөлшек дейсіз ғой. Бірақ бұл ерліктеріңіздің қандай рөл атқарғанын халық бағаласын. Марқұм Борис Горбатовтың мұндай ерлерді бүркітпен, қыранмен теңеу кезеңі өтті» деген пікірімен келіспеске болмайды. Жанған от, жарылған снаряд, аузын арандай ашқан ажал алдында қай қыран ұшып, қандай бүркіт самғай алады?! Ал бұлар жау ұясының үстіне еліміздің туын тікті. Шынында, оны суреттеу, жазу үшін бөлек шабыт, бөлек тіл, бөлек теңеу керек.

«ҚУАТТЫ АРМИЯ – ТЫНЫШТЫҚ КЕПІЛІ»



Әрбір елдің Әскери Күші өз елінің айбыны болып табылатыны анық, Әскердің күш-қуаты мемлекеттің тұтастығы мен қауіпсіздігіне кепіл бола алады. Яғни, әр елдің Қарулы Күштері қаншалықты мығым болса, сол елдің өсіп-өркендеуі мен дамуы да соншалық қалыпты жағдайға айналатыны рас. Сондықтан да, басқа елдер сияқты Тәуелсіз Қазақстан үшін де Әскери Күштердің маңызы ерекше.

ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНШАЛЫҚТАР!

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша аудандық, Қорғаныс ісі жөніндегі бөлімі келісімшарт бойынша қызметке шақыру бойынша Хабарландыру.

19 және 35 жас аралығындағы азаматтарды КЕЛІСІМШАРТ ҚЫЗМЕТІНЕ ШАҚЫРАМЫЗ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША МҮМКІНШІЛІКТЕР:

- 1) Нақты және уақтылы берілетін жалақы. (Әскери шеніне, әскери қызметіне, әскери сынып біліктілігіне т.б)
- 2) Айлық жалақының 20% өкімет есебінде нақты зейнетақы жинақтаушы қорына аударымдары.
- 3) Өкімет тарабынан тұрғын үйменен қамтамасыз ету, тұрғын үй болмаған жағдайда, отбасы адамдарының санына байланысты қызметтік орнында, тұрғын үйді жалға алуға арналған қаржылай көмек беріледі.
- 4) Әскери қызметші және отбасы мүшелерінің (диагностика, емделу) мемлекет есебінде тегін емделу.
- 5) Белгіленген норма бойынша мемлекет есебінде әскери киім-кешекпен қамтамасыз етуі.
- 6) Белгіленген норма бойынша мемлекет есебінде: тамақпен және азық-түлікпен қамтамасыз етілуі (кезекшілікті атқару кезеңінде, дала жаттығу алаңында және стационарлық ем қабылдау кезінде т.б).
- 7) Әскери қызметші, қызмет бабымен басқа әскери бөлімге ауысқан жағдайда: Келісімшарт бойынша әскери қызметші, тұрғылықты жерінен екінші тұрғылықты жерге арасы 100 шақырымнан асқан жағдайда, оған екі айлық көрсеткіш есебінде қаржылай көмек көрсетіледі және әскери қызметкердің отбасы мүшелерінің әрқайсысына жарты айлық қаржылай көмек көрсетіледі.
- 8) Кезекті еңбек демалысының тағайындалуы: Кезекті еңбек демалысының тағайындалуы еңбек өтіліне байланысты. Әскери қызметші, кезекті еңбек демалысына шығу кезеңінде оған екі айлық есеп көрсеткішінде сауықтыру жәрдемақысы төленеді.
- 9) Кезекті еңбек демалысынан басқа, қосымша демалыс тағайындалуы: Оқу үшін сырттай білім алу және жоғарғы оқу орындарында емтихан тапсыру.
- 10) Қазақстан Республикасы бойынша, жоғарғы білім ошақтарының ақылы төлемдеріне көмек
- 11) Әскери қызметшілердің балаларын тұрғылықты жері бойынша кезектен тыс мектепке дейінгі даярлық және мектепке қабылдауы. Келісімшарт қызметіне шақыртудағы қойылатын шарттары:
 - 1) Қазақстан Республикасы азаматтығы болу шарт
 - 2) Келісімшарт қызметіне шақырылатын азаматтар 19 жаспен 35 жас аралығында болуы керек

Келісімшарт қызметіне шақыру мекенжайымыз: Тайынша қаласы, Светлый шағын ауданы 7. Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша ауданының, Қорғаныс ісі жөніндегі бөлімі: тел:

8 (71536) 2-13-70 тел: 8 (71536) 2-31-11.

Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында!

САРҒАЙҒАН СОЛДАТ ХАТТАРЫ

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 77 жыл. Бұл соғыстың қасіреті аз айтылған жоқ. Кітап болып жазылды, кино болып түсірілді, тарих болып хатталды. Елге аман-есен келген жауынгердің сыр сұхбаты болып та баяндалды. Кейінгі буын «ешкім де, ешқашан да ұмытпайды» ұстанымын атадан балаға өсиет қылып насихаттап та келеді. Жауынгер хаттары солдаттың елге деген сағынышы ғана емес, майдан өмірі, окоп шындығы.

Дала почтасынан жолданған бұл хаттардың көбі бүгінгі күнге жеткен жоқ. Алайда, елім деп еңіреген ерлердің үшбұрышты үшбұ сәлем хаттарын еміренген елі, асыл аналар көздің қарашығындай сақтап, ұрпағына рухани мұра қылып жеткізе алған екен. Кеңес Одағының Батыры Мәншүк (Мәнсия) Жиенғалиқызы Мәметованың Орал қаласындағы музейінде қаарман қазақ қызының алты хаты сақтаулы. Оның біреуі 1938 жылы латын графикасында жазылған хат болса, бесеуі орыс тілінде майдан даласынан жазылған хаттар. Музей қорындағы әріптері көмескіленіп, тозығы жеткен Мәншүк хаттары бізге дейін түпнұсқалық текстологиясы толықтай қалпына келтіріліп оқылған да, жарияланған да емес. Осы оқлықтың орнын толтыру мақсатында алғаш рет жеңістің 70 жылдығы қарсаңында Мәншүктің майдан даласынан жазылған бес хатын 2015 жылы тоғызыншы мамыр күні «Приуралье» газетінде жариялап, Ақжайық жұртын көзайым еттік. Бұл істе материалдармен танысуға мүмкіндік жасаған музей қызметкері Элия Жантөреқызына ризашылығымызды білдіреміз.

Мәншүк Мәметованың хаттарына да адресатпен амандық сұрасу, ақпарат бөлісу, бірінші жақтан баяндалатын көңіл-күй реңкітерін сынды эпистолярлық стиль ерекшеліктері тән. Ал хат мәтініндегі жеке сөйлемдер жазушының дүниетанымы мен заман шындығын көрсетеді. «Дорогая апа» деп басталатын бірінші хатында анасын бірінші мамыр мерекесімен құттықтап, Қызыл әскер қатарында Отанын жаудан қорғауда алғы шепте жүргендігін мақтан ететін тұстан кейінгі: «Выполняя приказ Сталина, не отступать ни на шаг назад. И я лично оправдаю доверие партии, храня в груди кандидатскую карточку» деген екі сөйлем назар аудартады.

Екінші дүниежүзілік соғыста адам шығыны жағынан кеңес елі бұрын соңды соғыс тарихында болмаған көрсеткіш көрсетті. Мұның барлығы «қарыс қадам шегінуге болмайды» деген Сталиннің бұйрығының салдары екендігін соғыс зардабын зерттеуші ғалымдар дәлелдеді. Шегіне ұрысып адам шығынын мейлінше аз болуын қарастырудан көрі, қауқарсыз қарумен қарыс қадам шегінбеу стратегиясы адам өлімін еселей түсті. Адам шығынының көп болуына және бір себеп Мәншүктің хатынан алынған үзіндідегі екінші сөйлемде жатыр. Коммунистік партия қатарындағы және оған кандидат жауынгерлер кеңестік идеология жүргізген саясаттың салқынымен «я лично оправдаю доверие партии» деп қарыс қадам шегінбей және өзгені де осыған үгіттеді. Бұл соғыс өрті шарпып тұрған ұрыс даласында басын бәйгеге тігіп, жауына қасқайып қарсы тұрған қазақ қызының қапылыста жазылған бас-аяғы жүз сөзге жетпейтін хат мәтініндегі заман шындығы.

Мәншүктің 20.05.1943 ж. хаты көңіл күйі реңкіне толы. Елге деген сағынышы, елден келген хаттың жанына шуақ құятыны: «Апатай, я очень соскучилась о Вас... Когда получаю от Вас письмо, оно мне дает больше энергии в дальнейшей моей жизни...» деген тебіренісінен анық сезіледі. Осы хаттағы: «Я всегда буду жива, здорова и меня никакая немецкая пуля не возьмет, только лишь Вы пишете письма почасе» сөйлемі бір Мәншүктің аузымен айтылғанымен елден келген үшбу хат жауымен бетпе-бет келіп алысып жатқан мыңдаған жауынгерге қаншалықты қуат беретінін боямасыз көрсетіп беруімен де құнды.

Мәншүктің 7.08.1943 ж. жазылған үшінші хаты деректердің нақтылығымен, қоршаған орта суретінің дәлдігімен, ахуалдың ашық айтылуымен құнды. Дерек нақтылығын: «Наша сотая бригада, которая формировалась в Алма-Ата сейчас находится в Калининской области, недалеко от Великих – Лук. Пока ст. от передовой находится 10-12 километров» сөйлемдері аңғарта, соғыс жылдарындағы қоршаған орта суретінің дәлдігі: «...а если есть деревня, то разрушена, населения не живут. Живем рытой из земли в землянке» жолдарында жатыр. Ал: «Сейчас в нашей бригаде казахов мало, так как были в двух боях... Но моя судьба в боях шаткое, иначе говоря, трудно сказать, что буду цела. Абкетай, конечно я Вам пишу откровенно, только не огорчайтесь и не думайте ни о чем. Если погибну то за Родину, за отца и за Вас» сөйлемдерінде ахуал бүкпесіз баяндалады.

Соңғы сөйлемдегі «...за отца и за Вас» сөз саптауы кім үшін және не үшін қолына қару алғанынан сыр аңғартады. Мәншүк майданға шақырылып емес, сұранып барғандар қатарынан. Себеп, кеңес үкіметі ел ішінен жау іздеп, өз халқын өзі жазықсыз қырған тұста Мәншүктің де әкесі ызғарлы жылдардың құрбаны болып кете барды. Отағасын опат еткен үкімет өздерін

халық жауының отбасы деп қарады. Соғыс басталған сындарлы сәтте «халық жауының отбасы» отан даласындағы ұрысқа қатысу арқылы өтей алады деген жымысқы үндеу таратты. Сондай-ақ, халық жауы болып ұсталғандардың үштіктің қаулысымен атылып кеткендігін жасырып, ел арасына ұрпақтары соғысқа қатысса тұтқындалғандарды ақтайды деген де сыбыс шығарды. Қаршадай қазақ қызының: «Если погибну то за Родину, за отца и за Вас» деуі міне осыдан. Мәншүктің төртінші хаты адресаттың ортасы, оның жан дүниесіне әсер еткен детальдардың нақты әрі мерзім дәлдігі көрсетілуімен құнды. Мұны Мәншүктің: «Дорогая мамочка! Долгожданное письмо и посылку получила в тот же день и в тот же час, когда мы тронулись на передовую. Это было 10.IX.1943 г. В этот день в 7 часов должны были двинуться вперед, а мне сказали только в 6 часов, что приехал этот капитан, но я все - таки сумела дойти к нему и взять, но поговорить не пришлось, что я до сих пор жалею. Была очень рада, хотя только мне досталось одно яблоко, так как наши бойцы и командиры встретили меня также, как и я, ожидали маленький подарок. Мамочка уже второй год, как мы не видим фруктов и вообще что-нибудь домашнее» дейтін хатынан оқи аламыз.

Бұл да Мәншүктің хаты арқылы жеткен сұрапыл соғыстың жазылмаған шындығы. Сыз топырақ окопта түнеп жүрген жауынгерге бейбіт өмірдегідей табетін шапқаннан дәм татуға майдан мұрша берген бе. Сондай-ақ, хаттағы «мне досталось одно яблоко» үзіндісі елден жеткен сәлемдемені қаруластарымен теңдей бөлісіп, қолында жалғыз түйір алма ұстап тұрған Мәншүк қыздың мырза бейнесін мәңгілікке қалдырған авторлық жолдар емес пе. Осы хаттағы Мәншүктің көрген түсі баяндалатын: «Дорогая Абкетай, сегодня днем легла отдохнуть, целую ночь не пришлось спать, парочку уснула, сразу мне приснился такой сон. Приехал папа, но с ним не разговариваю, он как будто служит в армии и вдруг слышу, приехала делегация из Алма-Ата и открываю дверь, слышу Ваш голос, подхожу к Вам и обнимаю, целую и говорю, неужели я вас вижу. Что-то никогда не думала встретить вас и будто целую и потом как будто это в настоящем. Начинаю рассказывать, как мы живем, рассказала встречу с отцом, потом спросила, как пришел сюда, а вы отвечаете, что вам почастливилось попасть с этой делегацией и вдруг будят меня на обед и вся эта сладкая минута оказался сном» деген үзінді жазушының (хат иесі) жан дүниесінің хабаршысы сынды. Мәншүктің ерекше алабұртқан көңіл күйін көрсететін «...мне приснился такой сон. Приехал папа...» сөздері өңінде жоғалтқан әкесін түсінде тапқан Мәншүк қыздың көңіл шуағының қоңырауы десе болғандай. Түсінде әкесінің әскери адам болып көрінуі, елден әскери делегация келуі хат иесі сана сезімінің соғыс жағдайындағы жаңғырығының көрінісі деп қабылдаған дұрыс.

Мәншүктің бесінші хаты қысқа бас-аяғы жеті-сегіз сөйлем. Хат мәтінінен батырлар жырындағы «аспанды бұлт торлайды» психологиялық параллелизм көңіл күйін аңғаруға болады. Шабынған ажалды көзімен көріп, көңілмен қорытқан Мәншүк анасына: «Дорогая мама! ... а сейчас я нахожусь в передовой, сумею ли еще раз написать письмо не знаю... Теперь ждите письмо после боя. Хош, крепко целую Вас, дочка Манчук» деп хатын аяқтаған екен. Бұл Мәншүктің 11.10.1943 ж. елге жазған соңғы хаты болатын.

Соғыс жылдары жазылған хаттар зерделеп қараған жанға есен-амандық қана емес, өмір шындығын бүкпесіз көрсететін тарихи құжат. Бір ғана Мәншүктің хаттары мезгілсіз қиылған миллион тағдырдың арманы мен аманатын, ызғарлы жылдардың саясаты мен салқынын тануға септігін тигізетіндей. Бұдан бес жыл бұрын Мәншүктің хаттарын жариялаудан кейін Жайық жұртынан жиналған жауынгер хаттарының негізінде «Сарғайған солдат хаттары» атты кітапты шығаруды жоспарлап отырмыз. Кітаптың ерекшелігі жауынгерлердің өз қолымен жазған хаттары сол күйінде сканерленіп берілді. Бұл оқырманға көне жәдігерді көзбен көруге мүмкіндік туғызуымен қатар, түпнұсқаның редакцияланбай теріліп басылғанына көзін жеткізеді. Сондай-ақ, кітапта эпистолярлық жанр табиғаты мен заман шындығын таныту мақсатында хат мәтініне ғылыми талдау жасалды. Мұны мақтан үшін емес, елден жиналатын жауынгер хаттарымен жұмыс осы бағытта жалғасын табатындығын айту үшін жазып отырмыз.

Ардақты ағайын, сарғайған солдат хаттары біржола тозығы жетіп жойылып кетпей тұрған кезде жинақталып, көп томдық кітап болып жарық көруі тиіс. Хаттарды сканерлеп, байланыс телефонымен мына электронды почтаға maturov.69@mail.ru, 8777-704-59-57 жолдасаңыз қазақ руханиятына өз үлесіңізді қосқан болар едіңіз.

АЗАМАТ МАМЫРОВ,**Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің доценті, филология ғылымдарының кандидаты.**

ЖҮРЕГІҢІЗ МЕЙІРІМГЕ ТОЛЫ БОЛСЫН

Адамдар өмір бойы бақытты алыстан іздейді. Әйтеуір өзім жоқ жерде толып жатқан бақыт бар деп ойлайтындар нағыз бақыттың не екендігін ажырата алмай қалады-ау деймін. Білген адамға, өмірдің өзі, арайлы таңы мен нұрлы түнінің өзі бақыт емес пе! Жанында жүрген жақсы адамдардың әрқайсысы да таусылмас бақыт екендігін білмей қалатын шығар адамдар. Әсіресе, кез-келген нәрсеге өкінемін дейтін адамдарға қарап қатты ойланып қаламын. Олар бұл сөзді жай түсініспеушілікпен айта салатындай көрініп тұрады. Себебі, өкініш деген өте ауыр сөз ғой. Жақын адаммен ренжісіп қалған сәттерді, жай әншейін қиыншылықтарды өкініш деп айта салатын адамдар расында да бұл сөздің қаншалықты ауыр екендігін білмейтін шығар. Әйтпесе, ешкім ешкімді өкініш әкелетіндей азапқа салмас еді ғой. Біз, жаны сұлулыққа құмар адам баласымыз. Қанша қайратты көрінер азаматтардың өзі еркелікті сүйеді, ал нәзік жүректі әйел затына күн сайынғы махаббатың да аздық етеді. Себебі, біздердің жүрегіміз жайлылықты, көңіліміз сұлулықты аңсап тұрады. Бір ұққаным, қай кезде де адамдарға жақсылық жасауға, бір ауыз болса да жылы сөз айтуға асығып тұру керек екен. Өмір деген сондай қысқа, қас-қағым сәтте не істеп, не тындырып қойғаныңды да білмейсің. Қарбалыс, қарбалыс деп жүріп жаныңда жүрген қаншама игіліктерден құр қалады екенсің. Сонда да өкініш деп айтуға ешуақытта да асықпау керек. Себебі, бұл өмірге адамдар бір-біріне өкініш әкелмейтіндей өмір сүру үшін келген. Сондықтан да бұл жаман сөзді басы аман, дені сау кезде қолданудың өзі күнә. Өмір бойы адамдарды сүйіп өтудің өзі тамаша сезім ғой. Жақсы көру сезімі де ұлан-ғайыр. Соның ішінде жаныңызда жүрген жақсы адамдардың жақсы екендігін, көркем мінезді, сұлу екендігін айта беріңізші, өміріңіздің қалайша өзгеріп кеткенін байқамай да қаласыз. Жүрегіңіз мейірім мен махабатқа толғанда өкініш деген жаман сөзді мүлдем қолданбайсыз. Себебі, нағыз өкініш жақын адамыңның көзі кеткенінде, не ауыр науқас екендігін білгенде ғана туады...

**МЕРУЕРТ ӘБДІРАЙЫМҚЫЗЫ,
журналист «Игілік» журналынан.**

ТЫҢ ИГЕРУ – ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

Өткенді білмей, болашақты болжау қиын. 17 сәуір күні Чкалов ауылдық кітапханасында Қазақстандағы тың және тыңайған жерлерді игерудің 70 жылдығына арналған мерейтойлық іс-шара өткізілді. Ауылдық кітапхана қызметкерлері «Тың эпопеясына – 70 жыл» атты кітап көрмесіне шолу жасады.

Тың және тыңайған жерлерді игеру кезеңінің Қазақстан тарихының жылнамасында алатын орны ерекше. Бүгінгі ұрпақ кеше мен бүгін арасындағы байланысты қалай түсінеді?

Осы сұрақтарды талқылап, саралау үшін, тарих қойнауын ақтарып, ескіні еске түсіру мақсатында ұйымдастырылған іс-шараға жергілікті ақын-жазушылар, Петровка орта мектебінің оқушылары шақырылды. Зейнеткер ұстаз, ақын Галицкая Любовь Петровна, жергілікті ақын-жазушы Қуровский Виктор Казимирович, ардагерлер ұйымының төрайымы, тың игерушінің ұрпағы Котвицкая Елена Бальтазаровна, Петровка орта мектебінің тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары Нұрғасымова Бибігүл Елтайқызы тың және тыңайған жерлерді игеру тарихына тоқталып, өздерінің балалық шақтарын еске алды. Тың игеру жылдарында сан ұлттың өкілі жік-жікке бөлінбей, бәрі үлкен жауапкершілікті сезініп, елдің ертеңі үшін аянбай еңбек етті, егін екті, бала өсірді, үй салды. Іс-шараға шақырылған Чкалов ауылының тұрғыны, тың игеруші Геннадий Пестрецов денсаулығына байланысты келе алмаса да, оқушыларға арнап тыңға қатысты видеоақпарат жіберген.

Тың игеру нәтижесінде Қазақстан Кеңес Одағы мен Орталық Азиядағы ірі астықты өлкеге айналды. 1954-1955 жылдар аралығында ғана Қазақстан жерінде 337 совхоз ұйымдастырылды. Қазақстан Кеңес үкіметі алға қойған жалпы жоспардың 59 пайызын орындап, 6,5 миллион гектар жер игерілді. 1954-60 жылдар аралығында Қазақстанда 25,5 млн. гектар тың және тыңайған жер игерілді. Іс-шараға қатысқан оқушылар әрбір айтылған ақпаратты ұйып тыңдап, әсіресе жергілікті ақындар тың туралы шығарылған өлеңдерін оқығанда, бар ынтасымен тыңдап, кері байланысқа түсіп, өздерінің тың игерушілердің ұрпағы екендерін мақтан тұтатындарын айтты.

Биыл тың және тыңайған жерлердің игерілгеніне 70 жыл. Бұл науқан – Кеңес Одағының құрамына енген елдерге ортақ оқиға. Сондықтан оны кейінгі ұрпақ жадында ұстап, аға толқынның ұзақ жыл жинақтаған этносаралық бай тәжірибесін жоғалтпай, одан сабақ алуы тиіс.

Жанаргүл ҚОЖАБЕКОВА, тілші.

АБАЙ МҰРАСЫНЫҢ ЖАҢАША ЗЕРТТЕЛУІ

Зарқын ТАЙШЫБАЙ,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры.

Қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кемеңгер Абай Құнанбайұлының туғанына биылғы жылы 175 жыл толып отыр. Бүгінде ұлы ақынның мол мұрасын ұлықтауда ауқымды жұмыстар атқарылуда. Жалпы, абайтанудың бастау-қайнарлары ерте кезден қолға алынғаны анық. Абайды жұртқа танытуда мерзімді баспасөздің орны ерекше екені даусыз. Ал алғашқы қазақ газеттері мен журналдарында Абай тұлғасы қай қырынан, қалай көрінді? Қалың қазақтың тұрмыс-тіршілігіне, қоғамдық-саяси бет-бейнесіне баспасөз арқылы зер салған Абайды алғаш таныстырушылар кімдер деген орынды сауал туады.

Әрине, абайтану саласын зерттеуде әңгіменің әлқиссасын Мұхтар Әуезовтен бастаған дұрыс шығар. М.Әуезов абайтану мәселелеріне талдап тоқтала отырып, Абайды танудың басы, алғашқы адымдары революциядан бұрын басталғанын атап көрсетеді. Кезінде Абайдың ақындық еңбектері үш түрлі болып жайылып таралғанын айта келіп, сол үш жолдың “Бірінші жолы – баспа арқылы тарауы еді” деген ғалым Абай шығармаларының ең алғашқы таңдамалы жинағы Петербургте Бораганский баспаханасынан 1909 жылы басылып шығуын аса маңызды тарихи оқиға ретінде бағалайды. Сондай-ақ, Абайдың “Жаз” сияқты бірер өлеңі 1889 жылдарда Омбыда шығатын “Дала уалаяты” газетінде басылғанынан Мұқаң хабардар болған. Бірақ дәл қай өлеңдері, қашан, қалай басылғаны жөнінде дерек келтірмейді. Мұның себебі дәйекті, өйткені, Мұқаң бұл еңбегін жазған кезде қазақ баспасөзі тарихының зерттелу деңгейі қазіргіден әлдеқайда төмен болатын.

Абай мұрасының жаңа заманда зерттелуі тап күресінің, соған байланысты басым болған таптық идеологияның қысымымен өткір пікірталас жағдайында, жаңа бағыттар мен жолдар тауып, ілгерілеп отырды. Революциядан кейінгі алғашқы жылдардың өзінде-ақ “Абай”, “Таң”, “Мұғалім”, “Инкиллаб” журналдарында, “Ақжол”, “Еңбекші қазақ” газеттерінде жарияланған материалдар абайтанудың іргетасы қалана бастағанын көрсетеді. Бұл арада “жазба деректерге”, ең алдымен, мерзімді баспасөз материалдары, ертеректе шыққан кітаптар, ел арасындағы қолжазбалар жатады деп есептеуіміз керек. Демек, абайтанудың революцияға дейінгі қайнар көздерін сол кездегі қазақ баспасөзінің материалдары негізінде зерттеу – бұл саладағы көкейкесті мәселелердің бірі болуға тиіс.

Қазақ баспасөзінің тарихы қазақ тілінде 1870 жылы Ташкентте шыға бастаған “Түркістан уалаяты” газетінен басталды. Бірақ бұл газетте Абай туралы деректер кездеспейді. Ал 1882-1902 жылдары Омбыда шығып тұрған “Дала уалаяты” газеті беттерінен Абай шығармаларын, Абай есіміне байланысты деректерді табамыз. Бұл деректерді қысқаша шолып көрсетсек, олар – Абайдың көзі тірісінде газетте жарияланған “Жаздыгүн шілде болғанда” және “Болыс болды кей кісі” деген өлеңдері, “Ескендір” дастанына қатысты “Тәкаппар әскербасы тұрасынан” деген әңгіме, Абайдың інісі Халиолла Өскенбаев туралы “Қазақтың тәуір адамдарының қылған ісі” деген мақала, Абай есімі аталатын немесе Абай сөздері пайдаланылған газет материалдары.

Мәселенің бізге дейін қаншалықты зерттелгендігіне келетін болсақ, жеке еңбектерде үзінді, дерек ретінде, сілтеме дәйек түрінде аталғаны болмаса, бұл материалдар арнайы зерттелмеген. Тіпті, Абайдың “Жаздыгүн шілде болғанда” және “Болыс болды кей кісі” деп басталатын екі өлеңінің газет бетіндегі нұсқасы 1909 жылдан осы уақытқа дейін шығып келе жатқан жинақтардың бірде-біреуіне енгізілген жоқ, салыстырылып, ескертпе түрінде де басылмай қазақ халқының назарынан қалыс қала берді.

Абайдың көзі тірісінде жарық көрген бұл нұсқаларды ескермеу, ғылыми жағынан талдамау, тіпті жинақ кітаптарға еніп жүрген текстерден айырмашылығын анықтамау – абайтанудағы елеулі олқылық еді. Текстологиялық зерттеу мүддесі тұрғысынан алып қарағанда да, ақынның бір шығармасының екі нұсқасының арасындағы айырмашылыққа мән бере қараудың өзі қызықты нәрсе. Оның бер жағында сол айырмашылықтардың дәрежесін бағалап, себептерін анық тау – зерттеуші түгіл, қатардағы оқырманды да қызықтырады ғой.

Екіншіден, Абай шығармашылығын бағалауда, Абайды ақын, ойшыл азамат ретінде жұртқа танытуда революциядан бұрын қазақ тілінде



шыққан мерзімді баспасөз материалдары ғылыми қолданыс тауып, қажетке жаратылғаны жөн-ақ. Мұндай материалдар баршылық, олар абайтанудың қайнар көздері ретінде лайықты бағалануы қажет.

Үшіншіден, Абай шығармашылығының сол кездегі жалпы әдеби үдеріске, жаңа тұрпатты реалистік қазақ әдебиетін қалыптастыруға тигізген әсері деген мәселені де ана тіліміздегі мерзімді баспасөзбен байланыстыра тұтас қарау қажет. Себебі, біз айтқан “Дала уалаяты” газетінің жарияланымдары өз заманында қазақ қоғамының дамуына әр қырынан ықпал еткен, соның ішінде жазба әдебиетті, тілді дамытуға елеулі үлес қосқан тарихи, мәдени құбылыс болып табылады.

Төртінші, Абайдың ой-өрісін кеңейтуге, оны ұлан-байтақ қазақ даласын жайлаған елдің жайы-күйімен таныстырып отыруға ана тіліндегі мерзімді баспасөздің көмектескенін жоққа шығаруға болмайды. Абай ғана айта алған аса бағалы топшылаулар, бүкіл елдің бүгінгісін саралап бағалау арқылы ертеңін болжаған кең қарымды салиқалы пікірлер мерзімді баспасөздің ел-елден, жер-жерден жеткізген ақпарат-мағлұматтарының көмегімен толығып, байып отырғаны даусыз мәселе.

Бесіншіден, бүкіл Қазақстанға таралған басылым басқа жақтағы оқырманға Абай есімін, Өскенбай, Құнанбай әулеттерін әр қырынан танытып отырды. Абайдың сөздерін, ол айтты деген озық пікірлерді таратты. Бұл орайда, кезінде “көзі тірісінде Абайды халқы көп білмеп еді” деген қарабайыр топшылауды ұшқары айтылған деп білеміз. Мерзімді баспасөзді алып оқыған көзі ашық қазақ азаматтары Абайды көзі тірісінде-ақ білген, бағалаған.

Тиісінше, Абай да мерзімді баспасөз арқылы әлем әдебиеті мен мәдениетінің көптеген көрнекті өкілдерін танып, қазақтың бірқатар зиялы азаматтарының есіміне қанық болған. Басқаны айтпағанда, Ыбырай Алтынсаринді, Шоқан Уәлихановты, сол кезде білімді сөз, білікті ой-пікірлерімен көрінген басқа да озық азаматтарды сырттай болса да білген, таныған.

Абайдың ойшыл, ақын болып жетілуіне баспасөздің әсері болды деуге негіз бар. Баспасөз Абайға тақырып берді, мағлұматқа қанықтырды, керісінше, сол баспасөз өз оқырмандарының, оның ішінде дара тұлға – Абайдың әсерін сезінді, сол қуатпен дамыды деген топшылау өзінен-өзі сұранып тұр. Бұл арада қай автордың (мысалы, Абайдың да) баспасөз бетінде аз немесе көп көрінгендігі басты мәселе болмауға тиіс. Бір ғана жарияланыммен қалың оқырманына зор өнеге көрсетіп, жол бастау – баспасөз тәжірибесі мен тарихында аз кездеспеген.

“Дала уалаяты” газетінің 1890 жылғы 16 қарашадағы 46-санында Шыңғыстың болыс басқарушысы Оспан Құнанбаевты және Құрметті қазақ ретінде Абайдың өзін марапаттау туралы Батыс Сібір генерал-губернаторы барон Таубенің бұйрығы жарияланған. 1895 жылы Абайдың ағасы Тәңірбергеннің (Тәкежан) Әзімбайы Шыңғысқа

болыс болғанда, одан кейін 1899 жылы Абайдың үлкен ұлы Ақылбай болыстыққа, одан кіші Мағауия кандидаттыққа сайланғанда оларды осы қызметтерге бекіту туралы бұйрықтар да “Дала уалаяты” бетінде басылған. Сондай-ақ, Абайдың немере туысы Ырыздықбай Құдайбердіұлы болыс болып, оған кандидаттыққа Абайдың Әйгерімнен туған ұлы Тұрағұл Ибрагимов бекітілгені туралы “Дала уалаятының” 1900 жылғы 21 ақпандағы 7-санындағы бұйрық басылды.

Одан кейін Тұрағұл Ибрагимов Шыңғыстың болысы болып үш жылға қайта бекітілгені туралы және Мағауияның мақтау қағазымен марапатталғаны туралы бұйрық жарияланды. Шәкәрім Құдайбердіұлы – Шыңғыстың болысы, ал Ырыздықбай Құдайбердіұлы оның кандидаты болып 1901 жылғы 22 қыркүйекте сайланғаны жөніндегі мағлұмат та осы газетте жарық көрген.

Абай және баспасөз, оның ішінде сол кезде бүкіл Қазақстан аймағына түгел тараған “Дала уалаяты” газеті деген мәселені екі жақтан бірдей қарастыруды жөн деп есептейміз. Біріншіден, Абайдың баспасөзге тікелей қатысып, өлеңдерін бастыру арқылы оның қоғамдық-саяси бағыт-бағдарына, тіліне, оқырмандардың өнер мен өлеңге деген көзқарасына әсер етуі. Бұл арада газетте қызмет еткен немесе үнемі үзбей материалдар жазып тұрған адамдардың Абаймен бетпе-бет те, сырттай да таныс болуы арқылы, олардың ой-пікір қалыптастыруына жетекші ретінде әсер еткенін де есептен шығаруға болмайды.

Әділетшіл беделді би, ақылман жолбасшы ретінде Абайдың сөздері, іс-әрекеттері туралы әңгімелер, ақынның шығармалары кезінде-ақ, қазақ даласына кең тараған. Әдетте, қоғамдық ой-пікірді көпшілік қалыптастырмайды, сол қоғамның білікті де білімді абыройлы азаматтары, жекелеген тұлғалар қалыптастырады. Сондықтан “Дала уалаяты” газетінің 1889 жылдан бастап сапа жағынан түбірлі өзгерістерге түскенін, басқа да жағдайлармен бірге Абай есімімен байланыстырамыз.

Екіншіден, қоғам қайраткері, ел басшысы, ақын Абай үшін бұл басылым өте құнды ақпарат көзі болды. “Дала уалаятының” бетіндегі мағлұматтар, тұтас алғанда, сол кездегі қазақ қоғамы өмірінің айнасы десек, артық емес. Тиісінше, ұлттың өз тіліндегі баспасөзге барша жұрттың, оның ішінде хат танытын әрбір қазақтың ықыласы ерекше болғанын көреміз.

Газеттің тұрақты авторлары, танымал, сыйлы тілшілері ретінде: Ә.Айтбақин, Ә.Бөкейханов Петербург Орман шаруашылығы институтын бітірген, К.Қарабаев, Б.Шалымбеков – жоғары білімді дәрігерлер, Б.Қаратаев, М.Қалменов, А.Бірімжанов, Ж.Ақбаев, Р.Мәрсекөв, Б.Сыртланов – жоғары білімді заң қызметкерлері, С.Сабатаев, А.Тұрлыбаев, Д.Сұлтанғазин шығыс тілдері институтын бітірген, А.Құрманбаев, Р.Дүйсенбаев, Ж.Болғанбаев, Қ.Жапанов, А.Көкенов, О.Әлжанов, Б.Досымбеков, тағы басқалары семинария бітірген мұғалімдер, өзге де көзі ашық, көкірегі ояу қазақ азаматтарының көпшілігі газет жұмысына белсене атсалысқан.

Ендігі бір ескерерлік жайт сол, газеттің шыға бастауы (1888 жыл) одан кейін мүлде өзгеріп, кеңейіп, есейген кезі (1894 жылдан былай қарай) Абайдың да дүние ісінен, биліктен бас тартып, ғылымға, ақындыққа бет бұрған кезіне дәл келеді. Абайдың қырықтан асқаннан кейін қалай өзгергенін М.Әуезов те, басқа білетіндер де айтып кетті. Демек, “Дала уалаяты” газеті ізденгіш, оқымысты, ақын Абайға құдай кездестірген баға жетпес олжа болды десек, артық емес. Оның бер жағында, өзінің екі өлеңі тұңғыш рет ауыл шегінен шығып, баспа жүзінде таралуы да осы “Дала уалаяты” газетімен байланысты болса, “қазағының, қалың елінің” қажетіне сөзін жаратса – бұл басылым Абайға тіпті жақын әрі ыстық емес пе?

Бұған қосарымыз, дәл осы газеттің орысша бейресми қосымшасының бетінде Абай өлеңдері тұңғыш рет орыс оқырманына жолықты. Қарымды аудармашының шебер қолынан шыққан жолма-жол аударманың өзі Абай сөзінің, Абай ойының қадір-қасиетін жүдетпей жеткізе алғаны анық. Ғылымға белгілі даусыз ақиқат – Абайдың “Жаздыгүн шілде болғанда...” деп басталатын өлеңінің 1889 жылы наурыз айында газет бетінде қазақша да, орысша да жарық көргендігі; Абайды қазаққа да, орысқа да танытуда мерзімді баспасөздің, атап айтқанда, “Дала уалаяты” газетінің баға жетпес қызметінің тарихи маңызы.

АЛҒА ҚОЙҒАН МІНДЕТТЕР ОРЫНДАЛУЫ ТИІС

Мемлекет басшысы сөзінің басында елімізде жүзеге асырылып жатқан саяси реформаларға тоқталды. Ол «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласы бұрынғыдан бетер нығайып, адам құқығын қорғау саласында маңызды қадамдар жасалып, заң үстемдігі мен әділ заңдылықты қамтамасыз ету бағытында ауқымды жұмыстар атқарылып жатқанын атап өтті.

Жолдауда Мемлекет басшысы Үкімет алдына өңдеуші және тау-кен өнеркәсібін қолдау бойынша нақты міндеттер қойды.

Елбасы айқындап берген негізгі бағытқа сәйкес 2023 жылы ауданның өңдеу өнеркәсібінің қосымша құны жоғары өнім шығаруға мүмкіндік беретін 3 жобасы – көмірқышқыл газын өндіру цехы мен ауқымды жаңғырту жұмыстары сәтті жүзеге асырылды. Бұлар: «BioOperations» ЖШС, бензин қоспаларын өндіру Biopetrolcompany. Биылғы жылы «BioOperations» ЖШС-нің кебек түйіршіктеу цехы жобасы жүзеге асырылды. «Мемлюкс» ЖШС тағы екі ірі өңдеу өнеркәсібінің жобасын жүзеге асыру қарқын алуда – биылғы жылы жұмыстары аяқталатын жем зауыты мен диірмен кешенінің құрылысы.

Әскери-өнеркәсіптік кешен, ауыл шаруашылығы, энергетика, көлік және логистика, қаржы, IT және цифрландыру – болашақтың ең өзекті мамандықтарының бірі; Былтырғы жылы 11-сынып негізінде 7 түлек, 9-сынып негізінде 1 түлек оқуға түсті.

Шағын және орта бизнес дамып келеді. 2023 жылы отыздан астам шағын және орта бизнес нысандары ашылды.

Сондай-ақ Президент мемлекеттің экономикаға ықпалын азайту, экономиканы монополиясыздандыру, макроэкономикалық саясатты қайта қарау, салық және бюджет саясатын, әкімшілік басқару жүйесін реформалау бойынша бірқатар маңызды бастамаларды жариялады.

1. Әлеуметтік сала

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы 85 мың теңгеге дейін көтерілді. Бұл шара 1 миллион 800 мыңға жуық азаматтың, оның ішінде 350 мыңы бюджеттік қызметкерлердің әл-ауқатына оң әсер етті.

400-ге жуық мектеп, 300-ден астам ауылдық аурухана салынады

Жалпы, жаңа мектептердің құрылысы басым бағыттардың бірі болып табылады, сондықтан бұдан былай сыбайлас жемқорлыққа жол берген шенеуніктер сотының нәтижесінде мемлекет меншігіне түскен заңсыз алынған қаражаттың барлығы мектеп құрылысына жұмсалатын болады.

2023 жылы Тайынша қ. № 1 орта мектебі мен Вишнева орта мектептері оқушылары үшін есігін айқара ашты.

2023 жылы Тайынша көпсалалы ауданаралық ауруханасының бөлімшелерінде: перзентхананың 2 қабаты, терапевтік бөлімнің 3 қабаты, балалар-гинекологиялық бөлімшесінің 4 қабаты күрделі жөндеуден өтті.

2024 жылға 3 мектепке күрделі жөндеу жүргізу жоспарлануда, атап айтсақ, Ильичевка, Краснополян және Петровка орта мектептеріне, ал апатты жағдайдағы Драгомиров орта мектебіне құрылысы басталды;

Тайынша КАА-да материалдық-техникалық базаны жаңарту жалғасуда, 9 бірлік медициналық құрал-жабдықтар толық көлемде сатып алынды: (стоматологиялық бөлімше 2 бірлік көлемінде, функционалдық босануға арналған төсек (босануға арналған трансформациялық кереует) 2 бірлік көлемінде, 1 бірлік көлемінде гидравликалық бақылауы бар гинекологиялық кресло, 1 бірлік көлемінде панорамалық рентген стоматологиялық қондырғы, 1 бірлік көлемінде плазмалық стерилизатор, 1 бірлік көлемінде палаталық рентген аппараты (мобильді), 1 бірлік көлемінде, 1 бірлік көлемінде бейне гастроскоп, видеоколоноскоп, бейнебронхоскоп аксессуарлары бар эндоскопиялық бейнеақпараттық жүйе.

«Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» Ұлттық жобасы аясында 18 бірлік материалдық-техникалық жарақтандыру сатып алынды: 10 бірлік көлемінде жылжымалы функционалдық күркелер (төсек), 1 бірлік көлемінде зертханалық зерттеу әдістеріне арналған портативті, жылжымалы құрылғылар, 1 бірлік көлемінде брахицефальды тамырларға арналған датчиктер жиынтығы және транскраниальды доплерографиясы бар сарапшылық класты ультратрадыбыстық аппараттар, 1 бірлік көлемінде энергетикалық аппаратура (бұрғы), 1 бірлік көлемінде краниотомияға арналған нейрохирургиялық жинақ, 1 бірлік көлемінде бейне гастроскоп. саны 1 бірлік, Fiber гастроскоп 1 бірлік мөлшерінде, Fiber бронхоскоп 1 бірлік мөлшерінде, Неонаталдық жабдықтар саны 1 бірлік.

Жаңа жылдан бастап «Балаларға арналған ұлттық қор» жобасы аясында балалардың есепшотына ақша аударылды. Оқуға қосымша төлемдерді қамтамасыз ету мақсатында бес жастан бастап балаларды қамтитын «Келешек» бірыңғай

ерікті жинақтау жүйесі пайда болды.

Президент кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың кез келген түрі үшін жазаны қатайтуды және балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен қорлаудың құрбандары жағдайына байланысты қосымша шаралар қабылдауды жақсарту үшін, оның ішінде білім беру ұйымдарында психологиялық қолдау көрсету қызметін күшейтуді, бірыңғай сенім телефонын ұйымдастыруды, көмек көрсетудің тиімді бағдарламасын әзірлеуді талап етті.

Аудан мектептерінде бұл бағытта жоспар бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мектеп жағдайында жасөспірімдердің психологиялық жағдайын жақсарту бойынша профилактикалық жұмыстар – сынып сағаттары, әңгімелер, балаларға, ата-аналарға, сынып жетекшілеріне және пән мұғалімдеріне арналған ақпараттық парақшалар әзірленіп таратылып отырады.

2. Коммуникациялар 2029 жылға қарай 4 мың шақырымнан астам жол жөнделеді. Ауданда 2024 жылы 4 жоба бойынша аудандық маңызы бар жолдарды орташа жөндеу жобалары аяқталады:

1) КТТА-70 «Виноградовка – Ясная Поляна – Кирово» аудандық маңызы бар автомобиль жолының 45,0-54,2 шақырымын орташа жөндеу.

2) КТТА-97 «Краснокиевка - Октябрьское» аудандық маңызы бар автомобиль жолын орташа жөндеу 0-15,5 км.

3) КТТА-317 «Ясная Поляна – Тихоокеанское – Шұңқыркөл – Көкшетау-Омбы тас жолы» 0-34,21 шақырымы аудандық маңызы бар автомобиль жолын орташа жөндеу.

4) КТТА-287 Приречное-Заречное автожолын орташа жөндеу. 0-3,4. жеткізуші «Қызылжар жолдары КЗ» ЖШС.

2024 жылы аудандық маңызы бар жолдарды ағымдағы жөндеуге келісімдер жасалды:

1. КТТА-301 «Макашевка – Октябрьское – Димитровка», 18 км, мердігер «МегаСтройИнвест» ЖШС

2. КТТА-317 «Ясная Поляна – Тихоокеанское –Шұңқыркөл – тас жолы» Көкшетау – Омбы, 41 км, мердігер «ВТВ-Тайынша» ЖШС

3. КТТА-316 «Тайынша – Кантемировское – Котовское» 46,6 км, мердігер «МегаСтройИнвест» ЖШС

4. КТТА-282 «Краснокаменка селосына кіру», 1,4 км, мердігер «МегаСтройИнвест» ЖШС.

5. КТТА-98 «Вишневка – Подольское – Новодворовка – Новогречановка – Зеленый Гай», 43 км, мердігер «МегаСтройИнвест» ЖШС

Ауылышілік жолдар:

1. Летовочный ауылдық округінің Краснокаменка ауылының ауылышілік жолдарын ағымдағы жөндеу.

3. Экономика

Алдағы 5-7 жылда барлық табиғи монополиялар субъектілері үшін бірдей нарықтық тарифтер енгізілуі керек.

Пайдаланылмай жатқан немесе заңсыз берілген 8 миллион гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды.

Туризм саласында айтарлықтай табыстар жоқ;

Ауданда экологиялық туризмді және оның бір түрі ретінде діни туризмді дамыту әлеуеті бар.

Ең танымал орын - Озерное ауылының жанындағы Вольн төбесіндегі крест, «Қазақстан жұлдызы» құрбандық шалатын католик шіркеуі және апалы-сіңлілі кармелиттердің монастырі. Қоршаған ортаға ең аз әсер етуді ескере отырып, оңтайлы маршрут әзірленді. Маршруттар әзірленіп, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы туристік агенттіктерге ақпарат беру үшін жіберілді және Польша елшілігінің электронды мекенжайына жіберілді.

Тайынша ауданы Озерное ауылында орналасқан «Қазақстан жұлдызы» құрбандық орны Солтүстік Қазақстан облысындағы киелі орындар тізіміне енді. Марюш мырзаның айтуынша, Германиядан, Польшадан, Ресейден және басқа аймақтардан келушілер көп. Жылына 2 мыңға жуық турист келеді.

Үкімет «Мемлекеттік сатып алулар туралы» жаңа заң дайындады. Ол бюджет қаражатын ұтымды және есепті пайдалануға ықпал етуі тиіс.

Жалпы отандық тауар өндірушілерді, әсіресе бизнесті қолдау бойынша экономикалық шаралар күшейтілетін болады. Жеке қосалқы шаруашылықтардың кооперациясы экономикалық тұрғыдан ынталандырылады.

Мемлекет басшысы өз Жолдауында алдағы реформалардың негізгі бағыттарын айқындап берді. Бізге «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» деген іргелі формулаға сәйкес саяси жаңғыртуды жүзеге асыру үшін нақты және келісілген әрекеттер қажет.

«Тыңдаушы мемлекет» тұжырымдамасын басшылыққа ала отырып, ұлттық келісімді, билік пен қоғам арасындағы әріптестікті нығайта түсеміз. Ауқымды мақсаттарға жету үшін топтастыру қажет. Жаңа Әділетті Қазақстан идеясының терең мағынасы да осында. Алға қойған міндеттер орындалуы тиіс.

Әсем ЖҰМАБАЕВА,
Ішкі саясат бөлімі басшысының міндетін атқарушы.

БАЛАЛАРҒА ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

№ 1 ереже. Үлгі болыңыз. Ағылшынның мақалы «Балаларды тәрбиелемеңіз – олар бәрібір сізге ұқсайтын болады. Өзіңізді тәрбиелеңіз» дейді. Мұнымен келіспеуге болмайды, себебі балалар көбіне ата-аналарының істегенін қайталайды. Сондықтан да басты кеңес – сіз қаржылық тұрғыдан сауатты болыңыз. Егер өзіңізде бюджетті жоспарлаудың қарапайым дағдылары болмаса, балаларыңыздың ұзақ мерзімді жоспарлаудың не екенін түсінуі қиындау болады. Егер отбасыңызда қаржы мәселесі реттелген болса, балаңыз да есейгенде соған ұмтылады.

№ 2 ереже. Ақша жайында ойын түрінде айтып беріңіз. Ойын – бұл уақыт өткізу әрі оқыту. Баланы ойын арқылы үйрету жеңіл әрі жылдам. Қарапайым ойындардан бастаңыз: **Ақшаның түрі қандай?** Балаңызға мынадай ойын ұсыныңыз: екеуіңіз қазына тауып алдыңыздар делік. Мұндағы ақшаның шынайы не жалған екенін қайдан білуге болады? Шынайы және «сувенир» ақшаны пайдалануға болады. Балаңызға купюралардың шынайылық белгілері, оларды ажырата білу, әріптерінің салынуы, сұтамғы белгілері және басқа да қорғаныш белгілері жайында айтып беріңіз. **Ақша қайдан алынады?** Ақшаның ағашта өспейтінін, «банкоматтан» алына қоймайтынын түсіндіріңіз. Мамандықтар жайында айтып беріңіз. Ақшаның «аспаннан түспейтінін» бала түсінуі қажет. Мамандық таңдау ойыны сияқты ойын ұйымдастыруға болады. Балалар мамандық таңдап, бір біріне көрсеткен қызметтер үшін ұсақ купюраларды не тиынды пайдаланып, ақысын төлейді. **Ақшаға не сатып алуға болады?** Қарапайымнан бастаңыз: азық-түлікті, ойыншықты және өмірімізге қажетті заттарды ақшаға сатып аламыз. Дүкен ойынын ойнаңыздар: түрлі тауардың (ойыншықтардың) бағасын жазып қойыңыздар. Біреуіңіз – сатушы, екіншіңіз – сатып алушы болыңыздар. Бастысы – бала заттың оңайлықпен алына қоймайтынын, оның алдымен ақысын төлеу керек екенін түсінуі қажет.

№3 ереже. Балаңызды ақша жинап жүргені үшін көтермелеп қойыңыз. Бала таңдау жасай білуі қажет – қажет емес, нақ сол кезде қалаған нәрсені алған дұрыс па не маңызды әрі бағалы зат алғаны дұрыс па? Мәселен, күнде кәмпит ала бермей, ақшасын жинап, айдың соңында жаңа ойыншық алу. Балаңыздың армандап жүрген затын алуы үшін ақша жинауға үйретіңіз.

№4 ереже. Қалтапұл беріп тұрыңыз. Үйренудің ең жақсы тәсілі – тәжірибе. Қалтапұл – қаржылық сауаттылықты үйретудің үздік тәсілі. Мынадай ережелерді белгілеп алған маңызды: тек қана айтылған соманы және белгілі кезеңде беру (аптаның кез келген күнін таңдайсыз). Ақшаны қалай жұмсауға болатынын міндетті түрде айтып беріңіз: оларды апта бойы жұмсау, ірі саудаға жинау, банкке салу және сол үшін пайыз алу. Ережені бұзуға болмайды. Егер бала барлық ақшасын бір күннің ішінде жұмсап қойса, ақшасыз отыра тұруға тұра келеді. **Бірақ берілген ереже баланың бастапқы қажеттіліктеріне қатысты емес (жол шығындары, мектептегі түскі ас).**

№ 5 ереже. Балалардың өз бетімен сауда жасауына сеніңіз. Бала белгілі бір сома жинаған кезде, мысалы ойыншыққа делік, оған өз бетімен ойыншықты таңдап, оның ақысын төлеуге мүмкіндік беріңіз. Ол бұл сезімді есіне сақтап алады да, мақсатына өз бетімен қол жеткізгені үшін бойын мақтаныш кернейтін болады. Оларды саналы әрі ұқыпты болуға, бағаларды салыстырып, сапасына зақым келтірмейтіндей үнемдеуді үйретіңіз. Алдымен кез келген сауданы ата-ананың көзінше жасау қажет, содан кейін өз бетімен жасауға рұқсат беруге болады.

№ 6 ереже. Өз бюджетіңізді басқаруды үйретіңіз. Балаға сіз берген ақша немесе туыстары туған күніне сыйға берген ақша – толығымен өзінікі екенін түсіндіріп айтыңыз. Демек, кез келген шешім үшін бала өзі жауапты болады. Өзіңіздің мысалыңыз арқылы отбасылық бюджетті қалай жүргізетініңізді, еңбек ақысын қалай үлестіретініңізді айта аласыз. Қанша ақшаңыз міндетті төлемдерге кетеді, қаншасын еңбек демалысына сақтап қоясыз.

№ 7 ереже. Баланың қателесу құқығын сыйлаңыз. Балаңыздың заттарға, соның ішінде ақша мәселесіне келгенде көзқарасы сіздің көзқарасыңыздан ерекше болуы мүмкін. Оның пікірін сыйлаңыз. Оның жасаған әрекеттерін ешқашан сынамаңыз. Оған өз қателіктері арқылы үйренуге рұқсат беріңіз және қажет болған жағдайда ақыл айту арқылы көмектесіңіз. Мысалы, егер ол қандай да бір маңызды әрі ірі саудаға жинауға жоспарлаған ақшасын бір сәттік қалауына жұмсаған болса, оған ұрыспаңыз.

№ 8 ереже. Қосымша табыс нұсқаларын ұсыныңыз. Жұмысты бірден белгілеп, соманы анықтаған дұрыс. Мысалы: міндетті түрде итпен серулендеп келу, үй жануарларын күту, бауырларын мен қарындастарына қарау, апасына бақшада көмектесу және көптеген басқа нәрселер. Ең маңыздысы, сіз «тарифтерді» көңіл-күйіңізге қарай ауыстырмауыңыз керек. Осы қарапайым, бірақ негізгі ережелерді сақтап, сіз баланың жастайынан ақшаға деген дұрыс қатынасын орнатасыз.

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігі.

ҚАЗАҚСТАНЫМ – ҚАРА ШАҢЫРАҒЫМ!



жұмыс тауып, еңбек етіп, аудан экономикасының өсіп – өркендеуіне өзіндік еңбек үлестерін қосып жүрген бұл отбасын көпшілік жақсы біледі, жерлес ретінде сыйлап, құрметтейді. Әуелден жеміс – жидек сатып, халыққа қызмет көрсетумен қатар, отбасында бала тәрбиелеп, немере сүйіп отырған қарапайым жандар. Ұлдары Қорағлы (Қоля) мен Азиз де ата – аналарының сүйеніші, еңбек десе ерінбейтін азаматтар. Ал, келіндері Хырда мен Бачханым Алиевтардың немерелерін өсіріп ата – енесіне құрметті келін атанып отыр. Кішкентай немерелері: Тахир, Азиз, Диля, Арина болса, күн санап өсіп, ата-әжесінің көз қуанышына айналып отыр.

Елдегі ұлттар татулығының туын жықпай, нығайта түсуге жауапты екендерін толық түсінген бұл отбасы «Қазақстан» дейтін киелі шаңырақтың астына жиылған сан ұлттың бірі болғандықтан, еліміздің өсіп – өркендеуіне шамамыз келгенше үлес қосуды өзіміздің

Тарихтың алмағайып қиын кезеңінде қазақтың қамқорлығының арқасында талай ұлттың өкілдері аман қалып, киелі қазақ елінің тең құқықты азаматы атанды. Сондай этностардың бірі – күрд ұлтының өкілдері. Негізгі олардың тарихи мекені – Таяу Шығыс. Олар Түркия, Иран, Ирак, Сирия аумағында да өмір сүреді. Қазақстанда тұрып жатқан 20 мыңға жуық күрд ел саясатының, қазақ жұртының кеңпейілділігінің арқасында өсіп-өркендеп, тату-тәтті тұрмыс кешуде. Қазақстандағы күрд диаспорасының бүгінгі таңдағы шатшадыман тұрмысы, ғылым мен білімдегі жетістіктері, бизнестегі табыстары – бәрі де қазақ деген кең жүректі халықтың өзге ұлттар мен ұлыстарға деген достық сезімінің арқасында деп білемін. Жалпы соңғы жылдардағы санақ бойынша Солтүстік Қазақстан өңірінде екі жүзге жуық күрд бар. Күрдтердің Қазақстанда «Барбанг» деген ұлттық мәдени орталығы бар. Бұл ұлт өкілдері мұсылмандардың Айт мейрамы мен Мәуліт мейрамын халықпен бірге тойлайды. Жалпы бұл халық адамдарға жақын, үлкенді сыйлап, кішіге құрмет көрсете білетін ұлт өкілдері.

Күрд ұлтының өкілдері Тайынша жерінде де бар. Жалпы елімізде денсаулық сақтау, білім беру саласында қызмет атқарып жүргендер бар. Өз ісін ашып, халыққа қызмет көрсетіп жүрген кәсіпкерлер де бар. Жалпы күрдтер, оның ішінде бүгінгі біздің кейіпкерлеріміз де Қазақстан жерінде өніп- өскендіктен, өздерін «Қазақстандықтармыз» деп мақтаншып аятады.

Алғашқыда Оңтүстіктен Көкшетау қаласына келіп, бұл жердің табиғаты, елі, жері өздерінің туған еліндей болып кеткенін жасырмайды. Соңғы 30 жылдан артық осы жақта еңбек етіп, Қазақстан халқымен бірге тәуелсіз елімізде тұрып, өмір сүріп жатқандарын ерекше атап, мақтан тұтатын тайыншалықтар – Алиев Тахир мен жұбайы Дильбар. Тайынша жерінде өздеріне дос тауып,



азаматтық парызымыз деп білеміз дейді. Кешегі топан судан зардап шеккендерге де алғашқылардың бірі болып көмек қолын созған осы отбасы. Жалпы жыл көлемінде жағдайы төмен отбасылар мен көпбалалы отбасыларына қайырымдылық жасауды да әдетке айналдырған жерлестерімізге біздің де айтарымыз бірліктің, ұлттар достығының жібін үзбей, тәуелсіз еліміздің мәңгілік болып, гүлдене беру жолында биік белестерді бағындыра беріңіздер. 1- Мамыр Қазақстан халқының бірлігі мерекесі құтты болсын!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы



ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНШАЛЫҚ ЖЕРЛЕСТЕР!

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні, менің сүйікті мерекелерімнің бірі, себебі Қазақстан Республикасы әлемде татулығы мен бірлігі жарасқан ел болып танылған. Шынымен де біздің еліміз өте бай, әдемі, керемет, әсем, сұлу елдердің бірі, біз әрқашан кім болса да, қандай ұлттың өкілі болса да құрметтеп, сыйлауға дайынбыз. Қазақ елі өте қонақжай, «су сұраса, сүт берген, айран берген» ештеңені аямаған. Шындығында татулық пен бірлік күні 1-мамыр келгенде барлығымыз отбасымызбен қатты қуанамыз. Менің ойымша «әр ұлттың салты басқа, ол рас, әр ұлттың өзінің тілі, татулығы, ауыз біршілігі бар. Қазақстан көп ұлтты мемлекет болғандықтан, біздің елде осы мейрам ерекше тойланады. Осы күнді бәрі асыға тосады, дәл осы күні, қазақ елі, «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып» тұтас мемлекет екенін дүниежүзіне дәлелдеп келеді, осы мейрам соның айғағы. Өскекең ұрпақ осы татулықты әрі жалғастырады, себебі бейбітшілік, тыныштық пен татулық біздің Отанымыздың кейінгіге қалдырар мұрасы деп білемін. Біз барлығымыз да бейбіт заманда өмір сүруге лайықпыз деп есептеймін. Мен өз елімді, Қазақстанды, бүгінгі таңдағы қарашаңырағымызды құрметтеймін! Мереке құтты болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Ақ тілекпен: Дильбар Гүсейнова, кәсіпкер.

КЕЛІНІ ЖАҚСЫНЫҢ КЕРЕГЕСІ АЛТЫН

Отбасындағы ең әлсіз әрі нәзік тұс – ене мен келін қарым-қатынасы. Екеуі де маңызды әрі қымбат тұлға: ене – отағасын дүниеге әкеліп, жеткізген жан, келін – жігіттің аманаты, балалардың анасы. Үш тарап үшін де ең көркем амал – отбасындағы татулық пен мамыражайлықты ұстап тұру. Алайда бұл мүмкін бола бермейтін жағдайға айналып бара жатқаны ащы шындық.

Ерегісте өмір сүріп жүрген ене мен келін жоқ емес, бар. Бір үйге сыйыса алмай ма, бір ас үйді бөлісе алмай ма, басқа бір себеп пе? Әйтеуір, үйдің берекесін келтіріп отыруға тиіс екі кісі тіл табыса алмай, керісінше берекені қашырып жүреді. Кейбіреулері келіспеушіліктерін жасырып-жабуға тырысса, енді біреулерде ашық та жария соғыс секілді. Сол себептен көптеген келін-бала бөлек шығып жатыр. Бұл жағдайдың отбасына тигізер кері әсері көп. Бірінің алдында перзенттік, екіншісінің алдында жұбайлық парызы бар. Анасы мен жарының жарастықта өмір сүре алмауы, ең алдымен, күйеулерді есінен тандырады. Көбіне күйеулер “не істесеңдер де, өздерің біліндер, мені араластырмаңдар” деп, “соқыр, мылқау, танымас тірі жан” образына кіреді. Бірақ бұл әдіс барлық жағдайда бірдей дұрыс бола бермейді. Қартайғанда адам бала болады дегенді естуіңіз бар болар? Рас тұжырым. Ата-аналар жасы ұлғайған сайын ұл-қызынан бұрынғыға қарағанда көбірек қамқорлық күтетіні, көңіл бөлгенін қалайтыны ақиқат. Сондықтан анаңыз даусын қатты шығарып, келінге қатқыл сөйлесе, бұл өзіне назар аудартықысы келгеннен болуы әбден мүмкін. Бұған көніп, бар уақытын, күшін ата-ананың батасын алуға арнайтын келіндер бар. Ал енді біреулер ата-ененің айтқанымен жүргісі келмейді. Жас кезінде өмірдің қызығын көргісі келеді. Немесе бойда қуаты барда жұмыс істеп, табыс табуға ұмтылады.

Жігіттің таңдаған жары оның анасына ұнамаса,

немесе келіні енесімен тіл табыса алмаса бөлек тұрғандары дұрыс, әрине. Ал келінді тәрбиелеймін, өзімді сыйлатамын деген бекер әуре. Өйткені туғаннан тәрбиесі бөлек біреудің баласын қалай өзгертуге болады? Келін мен ененің әңгімесі жараспаса, ең дұрысы – алыстан сыйласу. Сонда “құда да тыныш, құдағи да тыныш” демекші, ене де жақсы, келін де келсап болмайды.

Әрине, өмір болған соң жағдай да түрліше, адамдар да сан алуан. Сондықтан да өмірді сүрудің, отбасы болудың айқын формуласы жоқ. Әркім өзі үшін дұрыс шешім қабылдайды.

Негізінде, қазақтың дәстүрлі отбасында ене мен келін арасындағы қарым-қатынаста ешқандай қиындық болған емес. Халқымызда жер дауы, жесір дауы, құн дауы, мал және ар дауы дегендер болды, алайда ене мен келін дауы дегенді естімедік. Ене мен келінге Төле би төрелік айтып, Қазыбек би қиындықты шешіпті деген дерек жоқ.

Екі арадағы келіспеушіліктер туралы ешбір шешендік сөз, мақал-мәтел кездеспейді. Ене мен келін институты ықылым замандардан ұрпақ сабақтастығы арқылы жетіп отырған.

“Ерлі-зайыптылардың арасына есі кеткен түседі” демекші, жалпы ерлі-зайыптылардың арасындағы келіспеушіліктерге үнемі араласа беріміз дұрыс емес-ау. Өз басым “Келін өз орнын білуі керек”, дегенмен мүлдем келіспеймін. Ол да біреудің мәпелеп өсірген қызы. Келінге алдымен ене үлгі болуы қажет. Келінді тәрбиелейтін біз ғой, енелер. Олардың жаңа отбасыға үйреніп кетуіне бірнеше жыл керек. Осы жылдар ішінде ене жылы қабақ танытуы шарт деп ойлаймын. Білмеймін, әркімнің жағдайы әртүрлі. Дегенмен, отбасында кикілжің туып жатса, ұлымызды емес, келінді қорғаштауға тырысайық. Іштен шыққандықтан, ана мен баланың арасы көп ұзамай

жарасады, екеуінің бір-біріне деген мейірімдері оңайлықпен сөне қоймайды. Алайда ене мен келіннің, келін мен баланың арасындағы суықтықты жылыту, алшақтықтың орнын толтыру оңай шаруа емес. Керісінше, келіннің көзінше баласына: “Өзіңнен де бәле бар! Нең бар еді соны айтып?!” деген сияқты жеку сөздер айтып қойсақ, артық болмайды.

Енелер өздерін баласы мен келіннің арасындағы жарастырушы “алтын көпір” екенін ұмытпағаны абзал. Келін тарапынан болған қателіктерді, келеңсіздіктерді, кемшіліктерді баламыздан жасырып қалуға ұмтылайық. Бір-бірінің “жамандығын жасырып, жақсылығын асырып” жүрген ене мен келіннің қатынасы қандай көркем?! Мұндайда ешбір адамның мінсіз болмайтындығын еске алуға болады. Тіпті екі адамды татуластыру үшін өтірік айтсақ ағаттық емес екен.

Екінші жағынан, енелер: “пәленшенің келіні былай жасайды екен, түгеншенің келіні бір керемет қой”, ал келіндер: “құрбымның енесі мынадай, әпкемнің енесі ғажап” деп өзгелерді бір-бірінің көзінше мақтап, мысын басып, титығына тиюі дұрыс емес шығар? Біз идеал санаған келіннің немесе ененің өз шаңырағына ғана белгілі кемшіліктері бар. Одан да мүмкіндігімізді пайдаланып, өзгелер сүйсінетін, өзгелерге үлгі болатын ене мен келінге айналуға әбден болады. Ол үшін өзгенің міндетін талап етпес бұрын, өз міндеттерімізді атқаруды қолға алу керек-ақ.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, келіндердің енесіне жасаған әр әрекеті – өзінің енелік өмірінің кірпіші. Көркем мінезді келінге қол жеткізгісі келген әйел өз енесіне қолынан келген құрметті аямау керектігін түсінсе игі.

Қаламқас ЖАМАНБАЕВА, зейнеткер.

САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ

Осынау бір сәттік өмірден жалт етіп өткен жандар аз ба?!
Адамның уақыты келгенде бәріміз де дәрменсізбіз. Жылда сәуір айында ардақты ағамыз, отбасының ардақты әкесі Қуанышбай Серәліұлы Ақботаевты сағынышпен еске аламыз. Кезінде сәуірдің 15 жұлдызы біздің әулетте қуанышты күн болатын.



Бәріміз қара шаңырақта отбасымызбен жүздесіп, ол күн ерекше мереке күні болатын. Ол күндер енді артта қалды. Өкінішті.....

«Өмір – өткініш», «Дүние – жалған» деген сөздерді тағы бір дәлелдеп, арамыздан небары 56 жасында өмірден озды. Ақжарқын, ақ пейілімен, ақ көңілділігімен барша ағайынды, ел-жұртты өзіне баураған бауырымыздың мәңгілікке жаны қиылады деп ойлапмыз ба? Өмір атты өткелдің жұмбақтығы да осы болар, ақ кебін біреуге ерте, біреуге кеш пішіледі.

Теңдік ауылында ер жетіп, еңбекке ерте араласып, елге қызмет етті. Ол совхозда түрлі жұмыстар істеп, елдің ыстық ықыласына, құрметі мен сыйына бөленді. Жан жары Қалқаш екеуі ұл-қыз өсіріп, қарт анаға қамқор, бауырларына Әке орнына ақылшы бола білді.

Өмірдің өзі күшті болғанымен, өтетіні өкінішті... «Тумақ бар жерде, өлмек те бар», дейді шариғат сөзі. Шіркін, бәрі орнымен, бәрі ретімен келсе – өкініштің өзені тасып, қайғының қара жаңбыры жаумас еді ғой.

Кеше ғана арамызда жарқылдап жүрген ағамыздан қапыда айрылған сәтте бір қанатымыз қайрылды. «Өлшеулі өмір» дейтін халық сөзі бар. Маңдайға басылған мөр мен жазылған жазуды ешкім өзгерте алмайды...

Біз енді бауырымызды еске алумен ғана жұбана аламыз. Өткен күннен қалатын тек қана естелік. Ол жанымыздан кетсе де жадымыздан өшпейді. Ағамыз адалдығымен, аңқылдаған көңілділігімен, көпшілдігімен бүкіл ел-жұрттың есінде қалды. Артында анасы, жан жары, ұл-қызы, немерелері, бауырлары, ағайын-туыс, ел-жұрты, достары қалды. Анамыз, әжеміз де дүниеден озды. Ағамыздың артында ұрпағы қалды, өмірге өшпестей із тастады.

Жатқан жерің жайлы да жарық болсын. Топырағың торқа, жаның жәннаттан орын алсын. Бақұл бол, бауырымыз! Оқыған дұғамыз қабыл болып, ағамыздың, атамыздың жаны жұмақта болсын!

Сағынышпен еске алушылар: Бауырлары. Петропавл-Тайынша-Көкшетау-Астана.

ТЕМЕКІ – АДАМЗАТ ҚАСІРЕТІ

Бүгінде қазақ ұлтының денсаулығын барынша тұншықтырып отырған бір дерт бар. Ол – никотинге тәуелділік. Бұл осы күнгі ғана емес, келешек ұрпағымыз үшін де қауіпті қатер. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректеріне жүгінсек, жер шарындағы халықтың 18 пайызы яғни, бір миллиард адам темекіге тәуелді. Ал, жылына бес жарым миллионға жуық адам темекі зардабынан туындаған аурулардан өмірін қияды екен.

Темекі жарнамасы

Жарнама мамандарының пікірінше, 30-50 жылдан астам уақыт аралығында түсірген фильмдердегі темекінің жарнамалауынан күні бүгінге дейін шылым өндірісі пайдаға кенеліп жатқан көрінеді. ДДСҰ мамандары жанандағы барлық мемлекеттерге темекінің заң жүзінде жарнамалауға қатаң тыйым салуға ұсыныс білдірді. Халықаралық ұйым өкілдері жасаған зерттеулері балалар темекі тартуды неғұрлым ерте бастаса, соғұрлым никотиннен бас тарту қиынға түсетінін дәлелдеген. ДДСҰ мамандары дүние жүзі адамдарының небары 5 пайызы ғана шылымды әспеттейтін жарнамалық дүниелерден аулақ екендігін айтады. Ал қалған 95 пайыз бөлігі шылым өнімдерін үгіттейтін жарнамаларды күндіз-түні көреді екен. Егер, нақты шара қолданбай, осы сарынмен жалғаса берсе, ғасыр соңына дейін 1 миллиард пенденің ажалы темекіден болатыны анық. Пайдасын темекі өнімдерінен көріп жүрген өндіріс орындар нарық аясын кеңейтуге, демек, азаматтарымыздың жаппай темекі тартуына мүдделі. ДДСҰ мамандарының айтуынша темекі өнімінің жарнамалары толық тоқтатылса, темекі тартатындар саны 16 пайызы төмендейтінін анықтаған.

Қатерлі әдетпен күрес

Қазіргі таңда барша ғалам жұртшылығы осы әлеуметтік қауіпті әдетке қарсы күресуде. Әлемдік тәжірибеге сай бұл індетке қарсы күрес алдын алу мен экономикалық шараларды қолдану тәсілдері арқылы жүзеге асады. Алдын алу әдістерінің бірі – темекінің қорабына өнімнің зиянды екені жазылатын ескертулер. Австралияда темекі қорабтарында өндірушінің фирмалық логотипі көрсетілмеген керісінше темекі тартушылар арасында таралатын аурулардың зардабы туралы жағымсыз суреттер берілген. Қазірдің өзінде Ұлыбритания, Канада, Үндістан, Жаңа Зеландия мен Норвегия сияқты елдер де нарыққа осындай өнімді енгізуді көздеп отыр. Еуропа елдері 2025 жылға дейін Еуроодақ темекіні саудадан мүлдем алып тастауды нысанаға алып отыр. Ресейде мектеп пен колледждерде темекі тартқан мұғалімдерге қомақты айыппұл салынады екен. Батыстың көптеген елдерінде қоғамдық орындарда шылым шегуге заң жүзінде тыйым берілген. Францияда осындай заң күшіне енгеннен кейін, кафе мен мейрамханалардың табыстары 10-15 пайызға кеміп, жүрек, қан тамырлары ауруынан өмірмен қош айтысатындар саны 15 пайызға азайыпты.

Ал, Қазақстан темекі індетімен қалай күресуде? 2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап, қорап сыртындағы «Шылым шегу сіздің денсаулығыңызға зиянды», «темекі шекпейтіндердің өмірі ұзақ болады» деген жазулардың көлемі 30 пайызға ұлғайтылды. Бұл халықаралық темекіге қарсы күрес жөніндегі конвенциясымен келісім жасағаннан соң жеткен өзгеріс. 2011 жылы 22 қараша күні ҚР Үкіметі темекі бұйымының қорабына шайырлы заттардың, никотиннің құрамы, олардың деңгейі және жүйелік улар, канцерогендік әрі мутагендік заттар туралы мәліметтер мен темекі шегудің зияны туралы ескертуді орналастыру ережелерін бекітті. Қорап сыртындағы жазулар көлемі 40 пайызға артты. Бұл ескерту темекіге тәуелді азаматтарымыздың көзін ілге қояр ме екен.

Темекі 1 литр сүттен арзан

Әлем тәжірибесі бойынша ең тиімді шара – экономикалық ықпал ету тәсілі. Яғни, темекі бұйымдарына мемлекеттік акциз мөлшерін арттыру. Еуропа елдерінде бір темекі қорабы құнының акциздік үлесі 80 пайызды құрайды. Украинада – 30, Ресейде – 23, Беларусьта – 20 пайызды жуықты құрайды. Ал, Қазақстанда 13 пайызды құрап отыр. Шылымның бір қорап бағасы орта есеппен 1 литр сүттен арзан болып отыр екен. 2012 жылдың 20 маусымында «Темекі түтінісіз Қазақстан үшін» ұлттық коалициясы темекі өнімдеріне акциз мөлшерін 2013 жылы көтерген. 2013 жылдың сәуір айынан бастап үш канцерогенді, мутагенді және күшән, полоний 210, бензол және басқа улы заттар туралы мәліметтер орналастырып, темекі түтінінің улы құрамы жөнінде қазақстандықтарды көбірек хабарландыру мақсатында темекі қорабының сол қапталына мәтіндер мен суреттер жариялануда. Ал, темекі акциздерінің төмен болуы өндірушілер үшін өте тиімді. Темекі нарығында жұмыс жасап жатқан компаниялардың көбісі шетелдік. Демек, Қазақстандағы темекі компаниялары тапқан табыстарының 80-90 пайызы елден өзге елдерге ұшып кетеді деген сөз. Бұның да пайдасын шетелдік алпауыт компаниялар көруде.



Заң жүзінде рұқсат етілген қауіпті өнім

Темекі – адам өліміне себеп болса да, тұтынуға рұқсат етілуі заңдастырылған жалғыз қауіпті өнім. Темекінің құрсауында қалғандардың үштен бірі, кейде тіпті, тең жартысы ажалынан 15 жыл бұрын жан тәсілім етеді. ДДСҰ өкілдері жер шарында 10-24 жас аралығындағы 1,8 миллиард жастардың шылым шегетінін хабарлайды. Бұл көрсеткіштің жылдан-жылға кемімей, арта түсуінің өзі өкінішті-ақ. Тәулігіне 10-12 шылым тартатындар жылдық уақыт өлшемімен есептегенде, темекіге 24 күнін жұмсайтын көрінеді.

Темекі Еуропа мен Азияда 15 ғасырда, тіс ауырғанда қарсы дәрі ретінде қолданылған. 1492 жылы 12 қазанда Христофор Колумб белгісіз арал (қазіргі Америка) жағалауына тоқтағанда, арал тұрғындары күнге келтірілген өзара «петум» деп атайтын бүктеулі жапырақты қонақтарға ұсынады. Колумбтың екінші саяхатынан кейін темекі дәні алғаш Испанияға, содан әлемге жайылып кеткен. Темекінің кеңінен етек жайған себебі – оның адам ағзасына тәуелділік тудыратын қасиетінде.

Темекі – адам ағзасы үшін ойлап тапқан ең зиянды дүние болып табылады. Шылымның түтінінде 30-дан астам улы заттар бар. Темекінің 1-2 қорабында никотиннің адамды өлтіретін өлімдік мөлшері ұ болады. Никотин уын қабылдаған адамды өлімнен құтқаратыны зиянды заттардың ағзаға бірден емес, біртіндеп енуі. Темекі түтініне ерекше иіс пен дәм беретін, адам зәрінің құрамына кіретін урина дейтін химиялық қоспа бар. Никотин – темекіде және басқа өсімдіктердің құрамында болатын алкалоид шылым шеккен кезде ағзаға бірден сіңіп кетеді. Өз кезегінде бұл химиялық элемент жүйке жүйесіне қоздыру әсерін беретін, мүшелердің салдану қауіпін тудыратыну.

Темекіні серік еткендер

Қазақстан халықтарының 27 пайызы немесе еліміздің әрбір төртінші тұрғыны темекіге тәуелді. Әсіресе, жас балалардың темекі түтінінен зардап шегуі өкінішті. Олардың 12 пайызы 11 жаста, 5 пайызы 9 жаста шылым шегуді бастаған.

Астана қаласы жастар саясатын қолдау мемлекеттік қорының мәліметін ескерсек, дамыған елдерде әйелдердің 40-50 пайызы шылым шегетін көрінеді. Темекіні серік еткен әйелдердің балалары әлсіз, бойы аласа, бас сүйегінің көлемі кіші, салмағы кем болып туылады. Көбіне бұл балалар 9-10 жасына дейін құрбыларын физиологиялық және интеллектуалдық дамуы, мектептегі үлгерімі төмен болуы жағынан артта қалып жатады екен. Еліміздің ер азаматтары арасында шылым шегетіндері 65,3 пайызды құрап, ТМД елдері арасында алғашқы орындардан көрінудеміз. Қазақстанда 12 жастан үлкен 9,8 пайызы әйелдер темекі шегеді, әсіресе, 20-29 және 40-49 жастардағы әйелдерге темекі шегу деңгейі ең жоғары. Яғни, ана болу қабілеті артып тұрған жас ерекшелігіндегі әйелдердің көпшілігі темекіге тәуелді.

Түйін сөз. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәлімдеуінше, әлемдегі 2 миллиард жас өспірімдер темекінің түтінімен уланған. Ал Қазақстан халқының 5 миллионы шылым шегеді. 600 мыңнан астамы қыз-келіншектер болса, 140 мыңы – 13-15 жас аралығындағы жеткіншектер. Қазақстандықтардың басым бөлігі жиырмаға толмай жатып, темекінің дәмін татады екен. Өкініштісі, елімізді жылына – 25 мың, күніне 70 адам шылымның кесірінен туындаған дерттерден көз жұмады екен.

Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығының баспасөз қызметі.



ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНША АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ, ҚАЛА ҚОНАҚТАРЫ!

Баршаңызды Қазақстан халқының бірлігі күнін мерекелеу мақсатында "Достық" алаңына шақырамыз! Салтанатты бағдарлама шеңберінде мерекелік концерт, спорттық жарыстар және басқа да қызықты шаралар, сауда-саттық ұйымдастырылады.

Осы ретте баршаңызды 1 мамыр сағат 11:00-де "ДОСТЫҚ" алаңына шақырамыз!

1 Мамыр мерекесі құтты болсын!

Көпұлтты халқымыздың бейбітшілік пен келісімді бейнелейтін тамаша дәстүрлері жалғаса берсін.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылып 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 145 . Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.